

**Банк ВТБ (Қазақстан)
Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымы**

Қаржылық есептілік

*2025 жыл үшін
тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысымен*

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Жиынтық кіріс туралы есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қозғалысы туралы есеп	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

БАНК ВТБ (ҚАЗАҚСТАН) АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫНЫҢ АКЦИОНЕРІ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ	3
---	---

ПІКІР

1. Қызметтің сипаттамасы	3
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	5
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	6
4. Елеулі есептік пікірлер мен бағалаулар	17
5. Сегменттер бойынша ақпарат	18
6. Ақша қаражаты және олардың баламалары	24
7. Қаржы ұйымдарындағы қаражат	24
8. Клиенттерге берілген кредиттер	25
9. Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер	34
10. Материалдық емес активтер	35
11. Салық салу	36
12. Өзге де активтер мен міндеттемелер	38
13. Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	39
14. Клиенттердің қаражаты	39
15. Жалдау бойынша міндеттемелер	40
16. Жарғылық капитал	41
17. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	41
18. Шарттық және шартты міндеттемелер	42
19. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	44
20. Таза комиссиялық кірістер	44
21. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер	45
22. Персоналға арналған шығыстар және өзге операциялық шығыстар	45
23. Акцияға шаққандағы пайда	46
24. Тәуекелдерді басқару	46
25. Қаржы құралдарының әділ құны	59
26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау	62
27. Байланысты тараптармен операциялар	62
28. Капиталдың жеткіліктілігі	65
29. ESG - ашу	66
30. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	67

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

БАНК ВТБ (ҚАЗАҚСТАН) АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫНЫҢ АКЦИОНЕРІ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ

ПІКІР

Біз Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымының (бұдан әрі – Банк) 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайы туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін Банктің жиынтық кірісі туралы есептен, капиталындағы өзгерістер туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ сондай-ақ есеп саясатының елеулі ережелерінен және өзге де түсіндірме ақпараттарынан тұратын ескертпелерден тұратын жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жылдық қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл үшін оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

ПІКІР БІЛДІРУГЕ НЕГІЗ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес біздің қорытындымыздың «Аудитордың жылдық қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде ашылған. Біз Кәсіби бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасындағы біздің жылдық қаржылық есептілік аудитіне қатысты кәсіби этика талаптарымен бірлесіп әзірлеген Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (IESBA кодексі) сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз және біз осы кәсіби этика талаптарына және IESBA кодексіне сәйкес өзге де міндеттерді орындадық.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

АУДИТТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, біздің аудитіміз үшін ағымдағы кезеңдегі жылдық қаржылық есептіліктің неғұрлым маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер біздің жылдық қаржылық есептілік аудиті контекстінде және осы есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Клиенттерге кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарына» сәйкес клиенттерге кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв деңгейін бағалау Банк басшылығы қолданатын пайымдаудың түйінді саласы болып табылады. Қаржы құралын бастапқы танудан кейін кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю факторларын анықтау және бағалау, сондай-ақ дефолт кезінде дефолт және күтілетін шығындар ықтималдығы деңгейін айқындау тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты кәсіби пайымдауды, жол беруді және талдауды пайдалануды талап етеді.

Өртүрлі модельдер мен жол берулерді пайдалану клиенттерге кредиттер бойынша ККЗ-ға арналған резервтің шамасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Клиенттерге берілген кредиттер көлемінің айтарлықтай болуына, сондай-ақ кәсіби пайымдаулардың айтарлықтай пайдаланылуына байланысты ККЗ-мен резервті бағалау аудиттің түйінді мәселесін білдірді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің жылдық қаржылық есептілігіне 8-ескертпеде ашылғандай, Банк клиенттерге кредиттердің жалпы сомасын 9.617.981 мың тенге мөлшерінде ККЗ-ға тиісті резервтермен 48.956.581 мың тенге мөлшерінде таныды.

ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес Банк ККЗ-ға резервті бағалаудың ішкі моделін қолданады. Осы модельдің түйінді қағидаты негізделген және тексеруге болатын ретроспективті ақпаратты, ағымдағы экономикалық жағдайларды және болашақ оқиғалар мен экономикалық жағдайлардың негізделген болжамдарын пайдалануды назарға ала отырып, қаржы активтерінің кредиттік сапасының нашарлауын уақтылы көрсету; барлық ықтимал нәтижелерді бағалау нәтижесінде алынған мәндердің ықтимал сипаты; ақшаның уақытша құнының тұжырымдамасын қолдану болып табылады.

Банк қарыз алушыларының қаржылық көрсеткіштері, операциялық ортасы, макроэкономикалық көрсеткіштер, болжанатын ақша ағындары және т.б. туралы деректер негізінде модель ұжымдық негізде бағаланатын Банк қарыз алушыларының тобы үшін және жеке бағаланатын Банктің әрбір қарыз алушысы үшін дефолттың тиісті көрсеткішін жасайды.

ККЗ және Банк басшылығының ККЗ-ға арналған резервтерді бағалау тәсілдері туралы ақпарат жылдық қаржылық есептілікке 3 «Есеп саясатының негізгі ережелері», 8 «Клиенттерге кредиттер» және 23 «Тәуекелдерді басқару» ескертпелерінде ашылған.

Осы салада жүргізілген аудиторлық рәсімдер мыналарды қамтиды:

- Күтілетін кредиттік залалдарға резервті бағалау әдіснамасының ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкестігін талдау;
- Бастапқы танудан кейін клиенттерге кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю факторларын анықтау процестерін бақылау құралдарын талдау және тестілеу, оның ішінде мерзімі өткен берешек мерзімі, қайта құрылымдаудың болуы, қарыз алушы туралы теріс ақпараттың болуы және өзге де факторлар;
- Болжанатын макроэкономикалық көрсеткіштерді талдауды қоса алғанда, Банк басшылығының жорамалдарының және модельде пайдаланылатын бастапқы деректердің негізділігін бағалауды;
- Біз бастапқы деректерді іріктелмелі негізде тестілеуді және Банк ККЗ резервтерін, оның ішінде қарызға қызмет көрсету бойынша тарихи ақпаратты, кепілдік қамтамасыз етуді іске асырудан және берешекті ақшалай қаражатпен өтеуден дефолт жағдайында күтілетін залалдарды өтеуді бағалау кезінде пайдаланған жорамалдарды талдауды жүргіздік;
- Біз макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарына және Банк ККЗ есептеу моделінде пайдаланған сценарийлердің салмақтық коэффициенттеріне талдау жүргіздік;
- ККЗ-мен резервті жеке бағалауға қатысты біз қарыз алушы туралы қаржылық және қаржылық емес ақпаратқа, сондай-ақ Банк пайдаланған залалдарды өтеу сценарийлеріне, оның ішінде кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру есебінен іріктелмелі негізде талдау жүргіздік.
- Біз ККЗ бойынша резервтерді іріктелмелі негізде қайта есептеуді жүргіздік;
- Біз жылдық қаржылық есептілікке ескертулерде ашылған ККЗ-ға арналған резервтер туралы ақпаратты талдадық.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ЖАУАП БЕРЕТІН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген жылдық қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулары жоқ жылдық қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Директорлар кеңесі Банктің жылдық қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

АУДИТОРДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсатымыз жылдық қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ ХАС сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында осы жылдық қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, елеулі болып есептеледі.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

- а) жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- б) жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;
- в) қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын, бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- г) басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарымды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды шығарамыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде - нәтижесінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасак, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- д) қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз Банктің Директорлар кеңесімен ақпараттық өзара іс-қимылды, басқалардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты оның назарына жеткізе отырып жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін деп есептеуге болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдеме береміз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі жылдық қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған және аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді біздің аудиторлық қорытындыда сипаттаймыз, бұдан басқа осы мәселелер туралы ақпаратты жария ашуға заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде, немесе өте сирек жағдайларда біз мыналар туралы қорытындыға келгенде: қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындыда хабарланбауы тиіс екендігін, себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлауынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп негізді түрде болжауға болады.



Ержан Тумабеков
«Anderson Qazaqstan» ЖШС
Бас директоры



Қ.К. Қожақметов
Тапсырма жөніндегі серіктес

Аудитордың біліктілік аттестатының
№ 0000434, 14.11.1998 жыл

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №24017401 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2024 жылғы 26 сәуірде берген

2026 жылғы «17» ақпан



2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	196.721.999	164.067.242
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	7	250.711	242.586
Клиенттерге берілген кредиттер	8	39.071.600	61.002.029
Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер	9	7.353.663	6.356.501
Материалдық емес активтер	10	6.039.308	5.796.424
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	11	916.521	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	11	2.067.515	1.024.203
Өзге де активтер	12	4.419.045	4.772.824
Активтер жиыны		256.840.362	243.261.809
Міндеттемелер			
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	13	35.630.637	24.454.020
Клиенттердің қаражаты	14	92.443.257	105.134.341
Жалдау бойынша міндеттемелер	15	4.302.185	2.448.317
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	11	—	301.241
Өзге де міндеттемелер	12	5.281.168	4.556.253
Міндеттемелер жиыны		137.657.247	136.894.172
Капитал			
Жарғылық капитал	16	73.757.000	73.757.000
Бөлінбеген пайда		45.426.115	32.610.637
Капиталдың жиыны		119.183.115	106.367.637
Капитал мен міндеттемелер жиыны		256.840.362	243.261.809

Банк Басқармасының атынан қол қойылған және шығаруға бекітілген:

Д.А. Забелло

А.В. Лаврентьева

2026 жылғы «17» ақпан

Басқарма Төрағасы
Бас бухгалтер




2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім			
Ақша қаражаты және олардың баламалары		26.565.146	15.470.737
Клиенттерге берілген кредиттер		13.694.508	18.553.395
		40.259.654	34.024.132
Өзге де пайыздық кірістер			
Саудалық бағалы қағаздар		—	104.144
		40.259.654	34.128.276
Пайыздық шығыстар			
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты		(4.430.729)	(3.037.228)
Клиенттердің қаражаты		(7.252.641)	(8.235.637)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		—	(1.115.157)
Жалдау бойынша міндеттемелер	15	(569.995)	(350.210)
		(12.253.365)	(12.738.232)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс			
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	17	28.006.289	21.390.044
		(4.134.481)	(6.935.303)
Таза пайыздық кіріс		23.871.808	14.454.741
Таза комиссиялық кірістер	20	664.776	3.345.274
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер/(залалдар)		—	518
Тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін түрлендіруден болатын таза залалдар		(86.322)	(54.879)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер:			
- сауда операциялары	21	43.036.135	46.005.268
- валюталық баптарды қайта бағалау	21	1.405.145	500.635
Өзге де кірістер		41.813	243.123
		45.061.547	50.039.939
Пайыздық емес кірістер			
Персоналға жұмсалатын шығыстар	22	(9.777.309)	(9.852.620)
Басқа операциялық шығыстар	22	(3.295.166)	(2.782.490)
Амортизация	9, 10	(1.554.270)	(1.174.180)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар		(114.105)	(88.336)
Өзге де шығыстар		(654.096)	(524.830)
		(15.394.946)	(14.422.456)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		53.538.409	50.072.224
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	11	(8.346.674)	(9.055.557)
Жыл ішіндегі пайда		45.191.735	41.016.667
Өзге де жиынтық кіріс		—	—
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		45.191.735	41.016.667
Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	23	6.127,11	5.561,05

Банк Басқармасының атынан қол қойылған және шығаруға бекітілген:

Д.А.Забелло

А.В. Лаврентьева

2026 жылғы «17» ақпан

5-65-беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



**2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**
(мың теңгемен)

Еск.	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда/ (жинақталған тапшылық)	Жиыны капитал
2024 жылғы 1 қаңтарға	73.757.000	(8.406.030)	65.350.970
Жыл ішіндегі пайда	—	41.016.667	41.016.667
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	—	41.016.667	41.016.667
2024 жылғы 31 желтоқсанға	73.757.000	32.610.637	106.367.637
Жыл ішіндегі пайда	—	45.191.735	45.191.735
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	—	45.191.735	45.191.735
Дивидендтер	16	(32.376.257)	(32.376.257)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	73.757.000	45.426.115	119.183.115

Банк Басқармасының атынан қол қойылған және шығаруға бекітілген:

Д.А. Забелло

А.В. Лаврентьева

2026 жылғы «17» ақпан

Басқарма Төрағасы
Бас бухгалтер



2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
(мың теңгемен)

	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Алынған пайыздық кірістер		43.126.596	35.131.752
Төленген пайыздық шығыстар		(11.709.703)	(12.737.970)
Алынған комиссиялық кірістер		5.600.407	5.289.970
Төленген комиссиялық шығыстар		(4.928.225)	(1.723.534)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі іске асырылған кірістер		43.036.135	46.056.215
Төленген персоналға арналған шығыстар		(9.782.695)	(8.413.752)
Төленген өзге де операциялық шығыстар		(2.675.779)	(4.521.059)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағындары		62.666.736	59.081.622
<i>Операциялық активтердегі таза (ұлғаю)/азаю</i>			
Саудалық бағалы қағаздар		—	822.599
Қаржы ұйымдарындағы қаражат		35.707	353.738
Клиенттерге берілген кредиттер		14.235.053	16.202.652
Өзге де активтер		1.572.804	(1.269.971)
<i>Операциялық міндеттемелердегі таза (азаю)/ұлғаю</i>			
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты		7.411.144	(2.204.022)
Клиенттердің қаражаты		(19.394.407)	(2.094.306)
Өзге де міндеттемелер		(1.215.771)	(518.426)
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі таза ақша ағындары		65.311.266	70.373.886
Төленген корпоративтік табыс салығы		(10.607.748)	(6.923.282)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		54.703.518	63.450.604
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(451.057)	(723.888)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(543.519)	(619.857)
Инвестициялық қызметтегі ақша қаражатын таза жұмсау		(994.576)	(1.343.745)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Дивидендтер төлеу	16	(32.376.257)	—
Жалдау бойынша төлемдер	15	(515.867)	(635.273)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды төлеу	19	—	(18.689.910)
Қаржы қызметіндегі ақша қаражатын таза жұмсау		(32.892.124)	(19.325.183)
Айырбастау бағамдарының өзгеруінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		11.837.939	(72.224)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы		32.654.757	42.709.452
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		164.067.242	121.357.790
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	6	196.721.999	164.067.242

Ақшалай емес операциялар

Кепілдікті қамтамасыз етуді алып қою

458.987

13.000

Банк Басқармасының атынан қол қойылған және шығаруға бекітілген:

Д.А.Забелло

А.В. Лаврентьева

2026 жылғы «17» ақпан

5-65-беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

1. Қызметтің сипаттамасы

Банк ВТБ (Қазақстан) акционерлік қоғамы еншілес ұйымы (бұдан әрі мәтін бойынша «Банк») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2008 жылғы 19 қыркүйекте құрылды. 2025 жылғы 31 желтоқсанда Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2020 жылғы 3 ақпанда берген, алдыңғы лицензияларды алмастыратын № 1.2.14/39 банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырды.

Банк халықтың салымдарын қабылдайды, кредиттер береді және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады, валюта айырбастау операцияларын жүргізеді, сондай-ақ Банктің клиенттері болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға басқа да банктік қызметтер көрсетеді.

Банктің бас кеңсесінің тіркелген мекенжайы: 050040, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 26/29, Қазақстан Республикасы. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің Қазақстан Республикасының аумағында 12 филиалы болды (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 12 филиал).

Банк Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі - «ҚДКҚ») қатысушысы болып табылады. Қордың негізгі мақсаты қорға қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау болып табылады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымшылар депозиттер бойынша олардың сомасына және валютасына қарай шектеулі сақтандыру өтемін ала алады: теңгемен – 10.000 мың теңгеге дейін, шетел валютасымен – 5.000 мың теңгеге дейін, теңгемен жинақ салымдары – 20.000 мың теңгеге дейін.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің жалғыз акционері Банк ВТБ (Ресей) Жария Акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «Негізгі компания») болып табылады. Банктің түпкілікті бақылаушы тарапы Ресей Федерациясының Үкіметі болып табылады.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша «ХКЕС») сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды, туынды қаржы активтерін, әділ құны бойынша ескерілген өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Егер өзгеше көрсетілмесе, осы қаржылық есептілік мың теңгемен ұсынылған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттар бойынша монетарлық қалдықтарды қайта бағалау үшін пайдаланылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 505,53 теңге, 1 ресей рублі үшін 6,34 теңге (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 525,11 теңге, 1 ресей рублі үшін 4,88 теңге) болды.

Банктің қаржылық есептілігі басшылық жасаған күтулер мен бағалауларға негізделген қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды негізге ала отырып дайындалды. Жеткілікті қаржыландырудың болуы және Банктің өзінің қолданыстағы міндеттемелерін орындауды жалғастыру қабілеті оның қызметінің үздіксіздігі туралы жорамал үшін маңызды болып табылады. Осы күтулер мен бағалауларға Бас компания тарапынан болашақ қолдау, ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындары және болжанатын қаржылық нәтижелер сияқты оқиғалар әсер етуі мүмкін. Банк басшылығы Банк таяу болашақта өз қызметін жалғастырады және қажет болған жағдайда Бас компания тарапынан қажетті қаржылық қолдау алуға қабілетті деп пайымдайды.

Банк басшылығы негізгі компанияға қатысты бірқатар елдер қабылдайтын шектеу шараларын қоса алғанда, сыртқы экономикалық және геосаяси факторлардың әсерін бағалайды. 2025 жылы Банк ағымдағы макроэкономикалық ортаны ескере отырып, транзакциялық бизнеске назар аудара отырып, стратегиялық дамуды жалғастырады және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде штаттық режимде және жұмыс істеуді жалғастырады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк мемлекеттік реттеуші белгілеген өтімділік нормативтерін сақтайды. Қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті (Liquidity Coverage Ratio, LCR) 511,1% құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 291,4%), бұл жоғары өтімді активтердің елеулі қорын және өткен жылмен салыстырғанда Банктің өтімділік деңгейі жақсарғанын көрсетеді.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары неғұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшырайды. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін. Макроэкономикалық және геосаяси ортаның ықпалы бүкіл әлем бойынша барлық дерлік экономикаларда инфляциялық қысымды күшейтті. Энергия тасығыштарға жоғары және өсіп келе жатқан бағалар басқа тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнына теріс әсер етеді, бұл көптеген елдерде тұтыну бағаларының едәуір өсуіне алып келеді. Қазақстанның болашақ даму бағыты үлкен дәрежеде мемлекеттің салық және ақша-кредит саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге байланысты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 18,00% деңгейге дейін жоғарылату туралы шешім қабылдады.

2022 жылғы 24 ақпаннан кейін бірқатар елдер Ресей Федерациясына және Банк пен ВТБ Тобының қатысушыларын қоса алғанда, кейбір ресейлік азаматтарға, компаниялар мен банктерге қарсы бұрын-соңды болмаған шектеу санкцияларын енгізді. Нәтижесінде Банк бірқатар меншікті операцияларды қысқартуға немесе тоқтата тұруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нарығындағы қызмет стратегиясын қайта қарауға мәжбүр болды.

2025 жылғы 23 қазанда Еуропалық одақ Банк енгізілген Ресейге қарсы санкциялардың 19-ші топтамасын бекітті. 2025 жылғы 2 желтоқсанда күшіне енетін Еуроодақ кеңесінің бұл қаулысы Еуроодақ елдерінде контрагенттермен кез келген есеп айырысуды жүргізуге тыйым салады. Басшылықтың бағалауы бойынша енгізілген шектеулер Банктің операциялық қызметіне және қаржылық тұрақтылығына әсер етпейді.

Банк басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді, оның ішінде кез келген санкциялық өзгерістерді және тиісті тәуекелдерді қадағалайды және Банк бизнесінің тактикалық және стратегиялық көкжиекте тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажетті деп санайтын шараларды қабылдайды. Алайда, болған оқиғалардың салдары және оларға байланысты болашақ өзгерістер Банктің қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Бағалардың белгісіздігі

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат қолжетімді болған шамада Банк күтілетін кредиттік залалдарға бағалау (бұдан әрі мәтін бойынша - «ККЗ») (8-ескертпе), қаржы құралдарының әділ құнына бағалау жүргізу кезінде күтілетін болашақ ақша ағындарының қайта қаралған бағаларын (25-ескертпе) көрсетті.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Банктің функционалдық валютасы теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін операциялардың көпшілігінің және олармен байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың экономикалық мәнін ең жақсы түрде көрсетеді.

Қазақстандық теңге осы қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы да болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Банк шығарылған, бірақ күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсініктемелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Төменде 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер ұсынылған:

ХҚЕС (IAS) 21 «Валюталардың айырбасталу мүмкіндігінің болмауы» түзетуі

2023 жылғы 20 тамызда ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IAS) 21 «Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері» түзетулерін шығарды. Түзетулер валюта айырбастау мүмкіндігін анықтайды және түсініктеме береді.

Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкіндігі ұйым әдеттегі әкімшілік кідірісті ескере отырып, нарық немесе валюта айырбастау тетігі арқылы белгілі бір уақыт шегінде көрсетілген басқа валютаны ала алатын жағдайда болады, онда айырбастау операциясының нәтижесінде заңды қорғалған құқықтар мен міндеттер құрылады;

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

- ұйым бағалау күніне және нақты мақсат үшін бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкін не мүмкін еместігін анықтайды. Егер бағалау күні нақты мақсат үшін ұйым басқа валютаның елеусіз сомасынан аспайтын соманы ала алатын болса, көрсетілген басқа валютаға валюта айырбастау мүмкіндігі жоқ деп есептеледі;
- бірнеше айырбастау бағамы болған кезде стандарт нұсқаулары өзгерген жоқ, алайда бір валютаны екіншісіне уақытша айырбастау мүмкін болмаған кезде ұйым басқа валютаны ала алатын жағдайдағы бірінші кейінгі айырбастау бағамын қолдану туралы талаптың күші жойылды. Мұндай жағдайларда ұйым есеп айырысу жолымен ағымдағы айырбас бағамын айқындау қажет болады;
- ақпаратты ашуға қойылатын талаптар толықтырылды.

Ұйым:

- осы валютаны осы басқа валютаға айырбастау мүмкіндігінің болмауының сипаты мен қаржылық салдарын;
- пайдаланылатын ағымдағы айырбас бағамын;
- есептік бағалау процесін;
- осы валютаны басқа валютаға айырбастауға болмайтындықтан ұйым ұшырайтын тәуекелдерді ашуы қажет.

Түзетулер Банктің қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, себебі Банк қызметін валюта айырбастау мүмкіндігі болмаған жағдайда жүзеге асырмайды.

Әділ құнды бағалау

Банк пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша (ПЗӨҚ) және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн (ӨЖКӨҚ) бойынша және әрбір есепті күнге әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 25-ескертпеде ашылады.

Әділ құн активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле барысында міндеттемені беру кезінде төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатында мәміле:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған кезде осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта жүзеге асырылады деп көздейді.

Банктің негізгі немесе неғұрлым тиімді нарыққа қолжетімділігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы экономикалық мүдделерінде әрекет ететін жағдайда пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының не активті неғұрлым жақсы және неғұрлым тиімді пайдалану арқылы не оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату арқылы экономикалық пайданы өндіру қабілетін назарға алады.

Банк осы жағдайларда орынды және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді бағалаудың осындай модельдерін пайдаланады және бұл ретте релевантты бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей – сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін елеулі бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

- 3-деңгей – сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін елеулі бастапқы деректер нарықта байқалатын болып табылмайтын бағалау модельдері.

Қайталанатын негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Банк әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, оларды иерархия деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Танылған күні

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты талаптармен сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Банк активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттемені өзіне алған күні көрсетіледі. Стандарттық талаптармен сатып алуға немесе сатуға шарттың шеңберінде қаржылық активтер мен міндеттемелерді сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу құралдарды басқару үшін пайдаланылатын шарттық талаптарға және бизнес-модельге байланысты болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ПЗӨҚ бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары

Банк өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель және активтердің шарттық талаптары негізінде:

- амортизацияланған құн;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн (бұдан әрі мәтін бойынша - «ӨЖКӨҚ»);
- пайда және залалдар арқылы әділ құн (бұдан әрі мәтін бойынша - «ПЗӨҚ») бойынша бағаланатын ретінде жіктейді.

Банк саудаға арналған туынды құралдар мен құралдарды ПЗӨҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидастарын қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе, Банк өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӨҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктер беру бойынша міндеттемелерден басқа қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға және туынды құралдарға арналған болып табылса, амортизацияланған құн бойынша немесе ПЗӨҚ бойынша бағаланады не Банктің қалауы бойынша әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы ұйымдарындағы қаражат және клиенттерге кредиттер

Банк қаржы ұйымдарындағы қаражатты, клиенттерге кредиттерді және басқа да қаржы активтерін, егер мынадай екі шарт орындалса:

- мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылатын қаржы активі бизнес-модель шеңберінде ұсталса;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері борыштың негізгі сомасының шотына төлемдер және борыштың (SPPI) негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар болып табылатын ақша ағындарының алынуын негіздейтін болса, амортизацияланған құн бойынша бағалайды.

Осы шарттар төменде неғұрлым егжей-тегжейлі қаралады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Бизнес-модельді бағалау

Банк бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқарудың қалай жүзеге асырылатынын ең жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Банктің бизнес-моделі жекелеген құралдар деңгейінде емес, портфельдерді біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай байқалатын факторларға негізделеді:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалай хабарланады;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) және атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсіліне әсер ететін тәуекелдер;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай сыйақы алады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- күтілетін жиілік, сату көлемі мен мерзімі де Банктің бизнес-моделін бағалау кезіндегі маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стрестік» сценарийлерді есепке алмай, пайда болуы негізді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы танылғаннан кейін Банктің күтулерінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, Банк осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің сыныптамасын өзгертпейді, бірақ бұдан әрі мұндай ақпаратты жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігінің пайыздарының шотына ғана төлемдер» тесті (SPPI тест)

Жіктеу процесінің екінші кезеңі шеңберінде Банк шартта көзделген актив бойынша ақша ағындарының борыштың негізгі сомасының шотына және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарға ғана төлемдер болып табылатындығын айқындау үшін қаржы активінің шарттық талаптарын бағалайды (яғни SPPI тест).

Осы тесттің мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебіне төлем немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредиттік шарт шеңберіндегі пайыздардың неғұрлым елеулі элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтеу және кредиттік тәуекел үшін өтеу болып табылады. SPPI тест жүргізу үшін Банк пайымдауды қолданады және орынды факторларды талдайды, мысалы, қаржы активі қандай валютада көрсетілген және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең.

Сонымен қатар, базалық кредиттік келісіммен байланысты емес ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырауына немесе шартта көзделген құбылмалылығына елеусіз аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген ақша ағындарының туындауына себепші болмайды, олар тек борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың шотына төлемдер болып табылады. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӨҚ бойынша бағалау қажет.

Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер

Банк кредиттер беру бойынша қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер мен міндеттемелер шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда алынған сыйлықақы сомасында әділ құн бойынша қаржылық есептілікте танылады. Бастапқы танығаннан кейін Банк пайда немесе залал құрамында танылған жинақталған амортизацияны және күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған бағалау резервін шегере отырып, бастапқы танылған соманың ең үлкен шамасы бойынша әрбір кепілдік бойынша өз міндеттемесін бағалайды.

Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер мен аккредитивтер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Банк міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде клиентке алдын ала келісілген талаптармен кредит немесе аккредитив беруге міндетті. Кредиттер мен аккредитивтерді беру бойынша міндеттемелер ХҚЕС (IFRS) 9 белгілі бір талаптарға сәйкес кредитті немесе аккредитивті беру бойынша тұрақты шарттық міндеттемелер ретінде сипатталады. Мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ-ны бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер (жалғасы)

Банк кейде нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттер беру бойынша міндеттемелер шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен ККЗ бойынша бағалау резерві сомасының және кірістің танылған жинақталған сомасы орынды болғанда шегеріле отырып, бастапқы танылған соманың ең көп шамасы бойынша бағаланады.

Орындау кепілдіктері

Орындау кепілдіктері – егер басқа тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақы беретін шарттар. Орындау кепілдіктері кредиттік тәуекелді бермейді. Орындау кепілдігі бар шарт бойынша тәуекел шартта көзделген міндеттерді екінші тараптың орындамау мүмкіндігі болып табылады. Тиісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылмайды және сондықтан ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану саласына жатпайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Банк қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін ерекше жағдайларды қоспағанда, Банк оларды бастапқы танығаннан кейін қаржы активтерін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2025 жылы Банк қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктемеді.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты және олардың баламалары қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған, туындаған күннен бастап тоқсан күн ішінде өтеу мерзімі бар қолма-қол ақша қаражатын, кредиттік ұйымдардағы ҚРҰБ мен салымдарға қаражат пен депозиттерді қамтиды.

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың компоненттері, егер шарттық келісім нәтижесінде Банктің ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін беруге не міндеттемені өз үлестік құралдарының тіркелген санына ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын айырбастау жолымен өзгеше түрде орындауға міндеттемесі болса, міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы берешекті, кредиттік ұйымдардың қаражатын, клиенттердің қаражатын, шығарылған борыштық бағалы қағаздарды, өзге де қарыз қаражатын және реттелген қарыздарды қамтиды. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Пайда мен залалдар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Жалдау

i. Банк жалға алушы ретінде

Банк қысқа мерзімді жалдау мен құны төмен активтерді жалға беруден басқа, барлық жалдау шарттарын тануға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Банк базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін жалдау төлемдері мен пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жүзеге асыруға қатысты жалдау жөніндегі міндеттемелерді таниды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Банк жалдау басталған күнге (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергенде, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетумен бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жалға алу бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып жүргізілген бастапқы тікелей шығындар мен жалдау төлемдерін қамтиды. Егер Банктің жалға алу мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімділік болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив активті ұтымды пайдаланудың болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі сияқты неғұрлым қысқа кезеңдердің ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

i. Банк жалға алушы ретінде (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Банк жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдері алуға жалға алу бойынша кез келген ынталандырушы төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдерді (оның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдерді), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды қамтиды. Егер Банк осы опционды орындайтынына жеткілікті сенім болса, жалға алу төлемдері сатып алуға опционды орындау бағасын және егер жалдау мерзімі Банктің жалдауды тоқтатуға опционды әлеуетті орындауын көрсетсе, жалға беруді тоқтатқаны үшін айыппұлдарды төлеуді қамтиды. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Егер жалдау шартында кепілге қойылған пайыздық мөлшерлеме оңай айқындалмаса, Банк жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, тіркелген жалдау төлемдерінің мәні бойынша өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опционның бағасы өзгерген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалау жүргізіледі.

ii. Операциялық жалдау - Банк жалға беруші ретінде

Банк активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермейтін жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудан туындайтын табыс жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына байланысты жиынтық кіріс туралы есепте түсім құрамына енгізіледі. Операциялық жалдау шарттарын келісу және жасасу процесінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалға беруден түскен кіріс сияқты негізде танылады. Шартты жалдау төлемдері олар алынған кезеңде түсім ретінде танылады.

Кредиттерді қайта құрылымдау

Банк мүмкіндігінше кепілге өндіріп алудың орнына кредиттер бойынша талаптарды қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімін ұзартуға және кредиттеудің жаңа талаптарын келісуге ұмтылады.

Егер шарттың талаптары шын мәнінде жаңа кредит болатындай етіп қайта қаралса, банк қаржылық активті, мысалы клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады, ал айырмашылық құнсызданудан болған залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан пайда немесе залал ретінде танылады. Бастапқы тану кезінде кредиттер, құрылған кредит сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКК) актив деп есептелген жағдайларды қоспағанда, ККЗ бағалау максаттары үшін 1-кезеңге жатады. Клиентке кредитті тануды тоқтату керектігін бағалау кезінде Банк басқалардан басқа мынадай факторларды қарайды:

- кредит валютасының өзгеруі;
- контрагенттің өзгеруі;
- түрлендіру құрал бұдан былай SPPI тест критерийлеріне жауап бермейтініне әкеліп соқтыра ма.

Егер түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру танудың тоқтатылуына әкеп соқпайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан болатын залал танылғанға дейін пайда немесе залал құрамында тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсімнің құрамында ұсынылатын түрлендіруден алынған пайданы немесе залалды таниды.

Тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын түрлендіру жағдайында Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының немесе активтерді кредиттік-құнсызданғандар ретінде жіктеу қажеттілігінің болуын қайта бағалайды. Активті түрлендіру нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде жіктегеннен кейін ол кем дегенде 6 айлық сынақ кезеңі ішінде 3-кезеңнің құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен ауыстыру үшін түрлендірілген төлем кестесіне сәйкес сынақ кезеңінің кемінде жартысы ішінде негізгі борыштың немесе пайыздың шамалы сомасынан артық тұрақты төлемдер қажет.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Қаржы активі (немесе қолданылатын жерде - қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі өтіп кетсе;
- Банк активтен ақша ағынын алу құқығын берді немесе «транзиттік» келісім шарттарында үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз алынған ақша ағынын толық аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ-мен бағалау резерві	(55)	—	(78.209)	(78.264)
Өтелген активтер	101	—	8.980	9.081
1-кезеңге аударымдар	—	—	—	—
2-кезеңге аударым	451	(451)	—	—
3-кезеңге аударым	—	1.976	(1.976)	—
Бір кезеңнен екінші кезеңге ауыстыру және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету	(497)	(1.525)	(8.042)	(10.064)
Дисконт амортизациясы	—	—	(6.642)	(6.642)
Залалдарды өтеу	—	—	(250)	(250)
Есептен шығарылған сомалар	—	—	13.241	13.241
2024 жылғы 31 желтоқсанға	—	—	(72.898)	(72.898)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Түрлендірілген және қайта құрылымдалған қарыздар

Егер шарттың талаптары шын мәнінде жаңа кредит болатындай етіп қайта қаралса, банк қаржылық активті, мысалы клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады, ал айырмашылық құнсызданудан болған залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан пайда немесе залал ретінде танылады. Бастапқы тану кезінде кредиттер құрылған кредит СҚКҚ актив болып есептелген жағдайларды қоспағанда, ККЗ-ны бағалау мақсаттары үшін 1-кезеңге жатады.

Егер түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру танудың тоқтатылуына әкеп соқпайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан болған залал танылғанға дейін түрлендіруден түскен пайданы немесе залалды таниды.

Қамтамасыз ету және кредиттік тәуекелді төмендететін өзге де құралдар

Банк ұсынуды талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің кредиттік тәуекелін бағалауға байланысты болады. Қамтамасыз ету түрлерінің рұқсат етілуіне және бағалау параметрлеріне қатысты қағидаттар белгіленді.

Алынған кепілдікті қамтамасыз етудің негізгі түрлері:

- коммерциялық кредит беру үшін жылжымайтын мүлік, өндірістік жабдық, тауар-материалдық қорлар және саудалық дебиторлық берешек кепілі;
- бөлшек кредиттеу үшін тұрғын үй жылжымайтын мүлкінің, көлік құралдарының, ақша қаражатының және олардың баламаларының кепілі, сондай-ақ үшінші тараптардың кепілдіктері болып табылады.

Басшылық қамтамасыз етудің нарықтық құнының мониторингін жүзеге асырады және құнсызданудан болатын залалдарға арналған бағалау резервінің жеткіліктілігін тексеру барысында негізгі келісімге сәйкес қосымша қамтамасыз етуді сұратады.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 3-кезеңнің клиенттеріне кредиттер бойынша ККЗ-ның кредиттік сапасын арттыруды қамтамасыз ету немесе басқа тетіктері болмаған жағдайда:

	2025 жыл	2024 жыл
Коммерциялық кредит беру	21.336	568.090
Шағын бизнеске кредит беру	542.748	614.335
Тұтынушылық және өзге де кредит беру	455.142	481.798
Ипотекалық кредит беру	145.810	162.510
	1.165.036	1.826.733

Бір жыл ішінде Банктің меншігіне тиісті қарыз алушылардың берешегіне айырбастау үшін түрлі активтер өтті. Қазіргі уақытта Банк осы активтерді сатуды жүзеге асырады. Банктің саясатына сәйкес өндіріп алынған жылжымайтын мүлік белгіленген тәртіппен сатылады. Сатудан түсетін түсімдер қолданыстағы берешекті азайту немесе өтеу үшін пайдаланылады. Әдетте, Банк өз қызметін жүзеге асыру мақсаттары үшін мұндай жылжымайтын мүлікті иеленбейді.

Төменде өндіріп алу қолданылған және 31 желтоқсанда ұсталатын активтердің баланстық құны туралы ақпарат берілген:

	2025 жыл	2024 жыл
Ғимараттар мен жер (12-ескертпе)	754.084	325.911
Өндіріп алынған мүліктің жиыны	754.084	325.911



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

Клиенттерге кредиттерді шоғырландыру

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк он ірі тәуелсіз тарапқа берген кредиттердің шоғырлануы 7.082.945 мың теңгені немесе жиынтық кредиттік портфельдің 14,55%-ын құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 8.843.051 мың теңге немесе 11,70%). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы кредиттер бойынша 665.085 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 2.189.106 мың теңге) мөлшерінде ККЗ үшін резерв қалыптастырылды.

31 желтоқсанда кредиттер клиенттердің мынадай түрлеріне берілді:

	2025 жыл	2024 жыл
Жеке меншік компаниялар	9.534.054	13.361.886
Жеке тұлғалар	39.155.527	62.214.125
	48.689.581	75.576.011

Кредиттер негізінен қызметін экономиканың мынадай секторларында жүзеге асыратын Қазақстандағы клиенттерге беріледі:

	2025 жыл	2024 жыл
Жеке тұлғалар	39.155.527	62.214.125
Энергетика	3.140.231	4.333.377
Қаржылық қызметтер	1.548.690	8.044
Тұрғын үй құрылысы	1.119.181	1.321.016
Бөлшек сауда	468.590	942.031
Көтерме сауда	436.678	786.941
Көлік	406.328	528.562
Білімі	356.690	541.858
Денсаулық сақтау	346.699	527.764
Жеңіл өнеркәсіп	346.030	204.478
Жылжымайтын мүлік	296.094	465.459
Тамақ өнеркәсібі	113.379	2.481.364
Машиналар мен жабдықтар өндірісі	112.832	111.519
Демалыс және ойын-сауық	100.059	245.269
Мұнай-газ өнеркәсібі	19.476	21.265
Құрылыс материалдарын өндіру	5.636	82.619
Ауыл шаруашылығы	3.419	3.357
Байланыс	2.874	4.326
Тау-кен өнеркәсібі	-	62.715
Басқалары	711.168	689.922
	48.689.581	75.576.011



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

9. Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтердің қозғалысы былайша берілген:

	Жалға алынған мүлікті жақсарту	Ғимараттар	Компьютер лік жабдық	Көлік құралдары	Орнатыла тын активтер	Өзге де активтер	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	Жиыны
Бастапқы құны								
2024 жылғы 1 қаңтарға	701.996	731.327	3.122.285	79.345	127.742	3.419.711	3.464.681	11.647.087
Түсімдер	34.192	813	9.756	-	730.771	3.298	378.574	1.157.404
Істен шығу	(236.616)	-	(558.600)	-	(13.007)	(283.151)	(309.343)	(1.400.717)
Аударымдар	1.915	-	616.158	-	(739.003)	120.930	-	-
2024 жылғы 31 желтоқсанға	501.487	732.140	3.189.599	79.345	106.503	3.260.788	3.533.912	11.403.774
Түсімдер	-	-	-	-	451.218	-	1.860.688	2.311.906
Істен шығу	(61.199)	-	(120.968)	-	-	(298.912)	(109.181)	(590.260)
Аударымдар	-	-	15.909	-	(177.292)	161.383	-	-
2025 жылғы 31 желтоқсанға	440.288	732.140	3.084.540	79.345	380.429	3.123.259	5.285.419	13.125.420
Жинақталған тозу								
2024 жылғы 1 қаңтарға	(416.707)	(24.190)	(1.590.943)	(56.487)	-	(1.805.432)	(1.354.640)	(5.248.399)
Жыл ішіндегі есептеу	(54.317)	(14.738)	(303.768)	(4.772)	-	(274.915)	(282.213)	(934.723)
Істен шығу	205.331	-	558.093	-	-	273.008	99.417	1.135.849
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(265.693)	(38.928)	(1.336.618)	(61.259)	-	(1.807.339)	(1.537.436)	(5.047.273)
Жыл ішіндегі есептеу	(48.380)	(14.750)	(349.746)	(4.618)	-	(292.159)	(543.999)	(1.253.652)
Істен шығу	61.198	-	120.835	-	-	298.902	48.233	529.168
2025 жылғы 31 желтоқсанға	(252.875)	(53.678)	(1.565.529)	(65.877)	-	(1.800.596)	(2.033.202)	(5.771.757)
Қалдық құны								
2024 жылғы 1 қаңтарға	285.289	707.137	1.531.342	22.858	127.742	1.614.279	2.110.041	6.398.688
2024 жылғы 31 желтоқсанға	235.794	693.212	1.852.981	18.086	106.503	1.453.449	1.996.476	6.356.501
2025 жылғы 31 желтоқсанға	187.413	678.462	1.519.011	13.468	380.429	1.322.663	3.252.217	7.353.663

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк пайдаланатын толық амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны 974.772 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 785.499 мың теңге) құрады.

(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

10. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің қозғалысы былайша берілген:

	Лицензиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету	Орнатуға және әзірлеуге активтер	Жиыны
Бастапқы құны			
2024 жылғы 1 қаңтарға	6.062.264	1.164.983	7.227.247
Түсімдер	277.062	694.308	971.370
Істен шығу	(175.894)	(291.593)	(467.487)
Аударымдар	24.583	(24.583)	-
2024 жылғы 31 желтоқсанға	6.188.015	1.543.115	7.731.130
Түсімдер	969.157	461.673	1.430.830
Істен шығу	(302.603)	(702.433)	(1.005.036)
Аударымдар	102.176	(102.176)	-
2025 жылғы 31 желтоқсанға	6.956.745	1.200.179	8.156.924
Жинақталған амортизация			
2024 жылғы 1 қаңтарға	(1.811.223)	-	(1.811.223)
Жыл ішіндегі есептеулер	(239.457)	-	(239.457)
Істен шығу	115.974	-	115.974
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(1.934.706)	-	(1.934.706)
Жыл ішіндегі есептеулер	(300.618)	-	(300.618)
Істен шығу	117.708	-	117.708
2025 жылғы 31 желтоқсанға	(2.117.616)	-	(2.117.616)
Қалдық құны			
2024 жылғы 1 қаңтарға	4.251.041	1.164.983	5.416.024
2024 жылғы 31 желтоқсанға	4.253.309	1.543.115	5.796.424
2025 жылғы 31 желтоқсанға	4.839.129	1.200.179	6.039.308

2025 жылы Банк клиенттер сервисінің деңгейін арттыру және болашақ экономикалық пайданы ұлғайту мақсатында қашықтықтан арналарды дамыту және Банктің ішкі бизнес-процестерін автоматтандыру жөніндегі жобалар шеңберінде материалдық емес активтерді әзірлеуді жүзеге асырды.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету ұйым ішінде әзірленген тиісінше 702.433 мың теңге және 176.120 мың теңге сомасындағы активтерді қамтиды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орнатуға және әзірлеуге 991.448 мың теңге сомасындағы активтер (2024 жылғы 31 желтоқсанда сомасы 1.271.372 мың теңге) қаржы технологиялары саласындағы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге жұмсалған шығындармен ұсынылған. Банк басшылығы әзірлеу процесі материалдық емес актив ретінде тану критерийлерін қанағаттандырды деп пайымдайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ХКЕС (IAS) 36-ға сәйкес активтердің баланстық құнын өтетін құнмен салыстыру арқылы олардың құнсыздануына тест жүргізді. Өтетін құн істен шығуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құн негізінде айқындалды. Жүргізілген тест нәтижелері бойынша өтетін құн баланстық құннан асып түседі. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану танылмаған.

(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

11. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар:

	2025 жыл	2024 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	9.605.327	7.734.690
Өткен жылдардың ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(215.341)	–
Уақытша айырмашылықтардың туындауына және азаюына – кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(1.043.312)	1.320.867
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	8.346.674	9.055.557

Банктің кірісіне Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2025 және 2024 жылдары қолданылатын корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінде бір жылға дейінгі мерзімге орналастырылған салымдар мен депозиттер бойынша сыйақылардан түсетін табысқа корпоративтік табыс салығының 10% мөлшерлемесі қолданылады.

Осы қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі пайда арасындағы салыстыру төменде берілген:

	2025 жыл	2024 жыл
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда	32.213.381	50.072.224
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (бір түнге)	21.325.028	–
Нормативтік мөлшерлеме	10%	–
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыс	8.575.179	10.014.445
Өткен кезең үшін ағымдағы салықты түзету	(215.341)	327.722
Шегерімге жатқызылмайтын құнсыздануға аударымдар	(151.414)	157.544
Шегерімге жатқызылмайтын операциялық шығыстар	92.052	44.829
ТҚҚ бойынша өткен жылдардың көшірілетін шығындарын түзету	–	(931.200)
Шетелдік табыс салығын есепке жатқызу	–	(537.249)
ҚҚБ ресми тізіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздар және бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын кіріс	–	(2.002)
Басқа айырмашылықтар	46.198	(18.532)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	8.346.674	9.055.557

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер 916.521 мың теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер 301.241 мың теңгені құрады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

11. Салық салу (жалғасы)

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысы мыналарды қамтиды:

	<i>Пайда немесе залал құрамындағы уақытша айырмашыл ықтардың пайда болуы</i>		<i>Пайда немесе залал құрамындағы уақытша айырмашыл ықтардың пайда болуы</i>		
	<i>2023 жыл</i>	<i>және азаюы</i>	<i>2024 жыл</i>	<i>және азаюы</i>	<i>2025 жыл</i>
Шегерілетін уақытша айырмалардың салықтық әсері					
Ауыстыруға салық шығындары	2.570.664	(1.623.706)	946.958	—	946.958
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	21.983	919	22.902	3.741	26.643
Сыйлықақылар бойынша есептелген шығыстар	329.210	284.780	613.990	(140.41)	599.949
Жалдау бойынша міндеттемелер	227.305	(57.013)	170.292	12.627	182.919
Өзге де есептелген шығыстар	165.472	90.366	255.838	1.000.293	1.256.131
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	3.314.634	(1.304.654)	2.009.980	1.002.620	3.012.600
Салық салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері					
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	(134.621)	56.442	(78.179)	108.800	30.621
Негізгі құралдар	(834.943)	(72.655)	(907.598)	(68.108)	(975.706)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	(969.564)	(16.213)	(985.777)	40.692	(945.085)
Корпоративтік табыс салығы бойынша активтер/(міндеттемелер), нетто	2.345.070	(1.320.867)	1.024.203	1.043.312	2.067.515



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

12. Өзге де активтер мен міндеттемелер

31 желтоқсандағы өзге активтер мынадай позицияларды қамтиды:

	2025 жыл	2024 жыл
Өзге де қаржы активтері		
Банк қызметі бойынша өзара есеп айырысулар	786.658	2.887.422
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша дебиторлық берешек	246.384	172.903
Берілген активтер бойынша дебиторлық берешек	20.385	327.161
	1.053.427	3.387.486
 ККЗ бойынша бағалау резервін шегергенде	(238.705)	(949.319)
	814.722	2.438.167
Өзге де қаржылық емес активтер		
Төлеуге корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	1.372.494	844.822
Алып қойылған кепіл мүлкі	754.084	325.911
Төлеуге корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	573.034	932.208
Жалға алудың алдын ала төлемі	372.202	21.340
Жұмыскерлермен есеп айырысу	209.428	2.364
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша аванстар	149.047	80.636
Өтелуге тиіс мемлекеттік баж	122.201	111.192
Материалдық қорлар	51.833	16.184
	3.604.323	2.334.657
Өзге де активтер	4.419.045	4.772.824

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген активтер бойынша дебиторлық берешек Талап ету құқықтарын басқаға беру шарты (цессия) бойынша кредиттер бойынша талап ету құқықтарын беру кезінде туындаған дебиторлық берешекті төлеу бойынша талаптармен ұсынылған.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша алып қойылған кепілді мүлік клиенттердің кредиттері бойынша кепілдікті қамтамасыз ету шарттары бойынша алынған жер учаскелері бар жылжымайтын мүлікпен ұсынылған. Осы активтер электрондық аланда сауда-саттық тәсілімен сатуға шығарылды.

Төменде 2025 және 2024 жылдардағы өзге де қаржы активтері бойынша ККЗ бойынша бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген.

	3-кезең
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ бойынша бағалау резерві	(280.302)
Жыл ішіндегі резервтің таза өзгеруі (17-ескертпе)	(773.120)
Есептен шығару	111.137
Валюта бағамдарының өзгеру әсері	(7.034)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(949.319)
 Жыл ішіндегі резервтің таза өзгеруі (17-ескертпе)	587.937
Есептен шығару	120.726
Валюта бағамдарының өзгеру әсері	1.951
2025 жылғы 31 желтоқсанға	(238.705)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

12. Өзге де активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

31 желтоқсандағы өзге міндеттемелер мынадай позицияларды қамтиды:

	2025 жыл	2024 жыл
Қаржылық міндеттемелер		
Есептелген әкімшілік шығыстар	626.104	156.375
Есептелген комиссиялық шығыстар	264.273	189.650
Шартты міндеттемелер бойынша бағалау резерві (18-ескертпе)	173.665	168.715
Банк қызметі бойынша өзара есеп айырысулар	153.825	274.171
Төленетін кәсіби қызметтер	36.280	30.016
Кредиттер бойынша алдын ала төлем	596	1.883
	1.254.743	820.810
Қаржылық емес міндеттемелер		
Есептелген сыйлықақылар	3.060.830	3.084.922
Төлеуге корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	390.660	380.565
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	133.215	114.509
Болашақ кезеңдердің комиссиялық кірістері	152.251	82.922
ҚДКҚ алдындағы міндеттемелер	30.899	33.132
Басқалары	258.570	39.393
	4.026.425	3.735.443
	5.281.168	4.556.253

13. Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты

Банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының 31 желтоқсандағы қаражаты мынадай позицияларды қамтиды:

	2025 жыл	2024 жыл
Ағымдағы шоттар	9.909.530	10.743.015
Мерзімді салымдар мен кредиттер	25.721.107	13.711.005
	35.630.637	24.454.020

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы шоттарға жалпы сомасы 9.624.516 мың теңге және тиісінше 10.579.123 мың теңге болатын Бас компанияның корреспонденттік шоты кіреді (27-ескертпе).

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша мерзімді салымдар мен кредиттерге Бас компаниядан тартылған жалпы сомасы 21.019.562 мың теңге және тиісінше 9.796.800 мың теңге болатын банкаралық қарыз кіреді (27-ескертпе).

14. Клиенттердің қаражаты

Клиенттердің 31 желтоқсандағы қаражаты мынадай позицияларды қамтиды:

	2025 жыл	2024 жыл
Мерзімді салымдар	60.498.241	62.300.970
Ағымдағы шоттар	31.945.016	42.833.371
	92.443.257	105.134.341
Кепілдіктер және аккредитивтер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын мерзімді салымдар (18-ескертпе)	23.330	87.090

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 16.333.377 мың теңге немесе клиенттердің барлық қаражатының 17,7% сомасындағы қаражат он ірі клиенттің қаражатын білдіреді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 30.570.196 мың теңге немесе 29,1%).



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

14. Клиенттердің қаражаты (жалғасы)

Мерзімді салымдардың құрамына жеке тұлғалардың 34.190.385 мың теңге мөлшеріндегі салымдары кіреді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 33.421.533 мың теңге). Қазақстанның Азаматтық Кодексіне сәйкес Банк салымшының бірінші талабы бойынша салым сомасын беруге міндетті. Мерзімді салым салымшыға оның талап етуі бойынша мерзімі өткенге дейін қайтарылған жағдайда, салым бойынша пайыздар төленбейді немесе шартта айтылған талаптарға байланысты едәуір аз пайыздық мөлшерлеме бойынша төленеді.

31 желтоқсандағы клиенттер қаражатының құрамына клиенттердің мынадай санаттарының қаражаты енгізілген:

	2025 жыл	2024 жыл
Жеке меншік кәсіпорындар	54.215.991	68.897.025
Жеке тұлғалар	38.227.266	36.237.316
	92.443.257	105.134.341

Төменде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салалар бойынша клиенттер қаражатының талдамасы келтірілген:

	2025 жыл	2024 жыл
Жеке тұлғалар	38.227.266	36.237.316
Көтерме сауда	17.103.156	28.803.509
Көлік және байланыс	5.313.543	6.304.189
Тау-кен өнеркәсібі	5.240.922	2.093.077
Металлургия	3.802.399	6.183.606
АТ қызметтері	3.197.929	2.114.462
Машиналар мен жабдықтар өндірісі	3.056.507	1.856.999
Қаржылық қызметтер	2.430.738	978.368
Бөлшек сауда	2.251.457	6.018.569
Құрылыс	2.227.884	4.374.047
Химия өнеркәсібі	2.027.997	574.186
Тамақ өнеркәсібі	1.998.600	1.957.164
Жеңіл өнеркәсіп	1.662.360	872.962
Мұнай және газ өндіру	800.472	125.366
ҒЗТҚЖ	507.798	1.334.418
Құрылыс материалдарын өндіру	327.683	203.734
Энергетика	140.783	2.409.162
Жылжымайтын мүлік	109.461	171.455
Демалыс және ойын-сауық	94.996	79.592
Ауыл шаруашылығы	92.202	408.768
Білімі	19.398	87.083
Басқалары	1.809.706	1.946.309
	92.443.257	105.134.341

15. Жалдау бойынша міндеттемелер

Төменде 2025 және 2024 жылдар ішіндегі жалдау және қозғалыс бойынша міндеттемелердің теңгерімдік құны берілген:

	2025 жыл	2024 жыл
1 қаңтарда	2.448.317	2.564.732
Пайыздарды есептеу	569.995	350.210
Төлемдер	(515.867)	(635.273)
Жалдау шарттарын бұзу	1.799.740	168.648
31 желтоқсанға	4.302.185	2.448.317

2025 жылы Банктің жалдау шарттары бойынша жалпы ақша ағыны 515.867 мың теңгені (2024 жылы: 635.273 мың теңге) құрады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

16. Жарғылық капитал

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жарияланған және айналымға шығарылған 7.375.700 дана мөлшеріндегі жай акцияларды бір жай акция үшін 10 мың теңге орналастыру бағасы бойынша Бас компания толығымен төледі.

Жалғыз акционердің 2025 жылғы 28 сәуірдегі шешіміне сәйкес Банк 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын есепті жыл үшін жай акциялар бойынша 32.376.257 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады және төледі.

2024 жылы Банк жай акциялар бойынша дивидендтерді жарияламаған және төлемеген.

17. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар берілген:

	Еск.	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СККК	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	7.102	—	—	—	7.102
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	7	10	—	—	—	10
Клиенттерге берілген несиелер	8	(1.534.404)	(930.984)	(2.258.787)	—	(4.724.175)
Өзге де қаржы активтері	12	—	—	587.937	—	587.937
Қаржылық кепілдіктер	18	15.426	—	(9.349)	—	6.077
Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер	18	(11.432)	—	—	—	(11.432)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар жиыны		(1.523.298)	(930.984)	(1.680.199)	—	(4.134.481)

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар берілген:

	Еск.	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СКК К	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	(210)	—	—	—	(210)
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	8	8.221	—	—	—	8.221
		(3.662.160)	(1.574.795)	(1.041.268)	—	(6.267.313)
Клиенттерге берілген несиелер	10				10.91	
Өзге де қаржы активтері	14	—	—	(773.120)	0	(773.120)
Қаржылық кепілдіктер	18	(10.434)	—	110.143	—	99.709
Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер	18	(2.590)	—	—	—	(2.590)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар жиыны		(3.667.173)	(1.574.795)	(1.704.245)	10.91	(6.935.303)
					0	



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

18. Шарттық және шартты міндеттемелер

Заң мәселелері

Банк іскерлік операцияларға байланысты әртүрлі сот талқылауларының әлеуетті объектісі болып табылады. Банк мұндай түрлердің қанағаттандырылмаған немесе қауіп төндіретін талаптары жеке немесе жиынтығында Банктің қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай теріс әсер етеді деген ықтималдық бар деп есептемейді.

Банк жекелеген мән-жайлардың нәтижесінде туындайтын елеулі міндеттемелердің ықтималдығын бағалайды және міндеттеменің туындауына себеп болған оқиғалардың орын алуы ықтималдығы болған және міндеттеменің сомасы жеткілікті дәйектілік дәрежесімен есептелуі мүмкін болған кезде ғана өзінің қаржылық есептілігінде резервтер құрады. Жоғарыда сипатталған шартты міндеттемелердің қайсыбірі бойынша осы қаржылық есептілікте ешқандай резерв құрылмаған.

Салық салу

Қазақстан Республикасындағы салық жағдайлары өзгеруге және жүйесіз қолдануға және түсіндіруге ұшырайды. Қазақстандық заңдар мен Банк ережелерін түсіндірудегі қазақстандық уәкілетті органдар арасындағы алшақтықтар қосымша салықтарды, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстандық заңнама мен салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында және сондықтан кері күші болуы мүмкін әртүрлі түсіндірулер мен жиі өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС тиісті ережелерін түсіндіруі осы жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін, бұл қосымша салық Банкте міндеттемелер. Есепті кезеңде салықтардың дұрыс есептелуі келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда салық жылы неғұрлым ұзақ уақыт бойы ашық болуы мүмкін.

Банк басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Банктің салықтық ұстанымы негізделген деп санайды.

Шарттық және шартты міндеттемелер

Банктің 31 желтоқсандағы шарттық және шартты міндеттемелері:

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер

Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер
Кепілдіктер
Аккредитивтер

2025 жыл	2024 жыл
8.683.326	5.818.051
1.450.512	1.911.122
—	1.209.334
10.133.838	8.938.507

ККЗ бойынша бағалау резервін шегергенде

(173.665)	(168.715)
-----------	-----------

Шарттық және шартты міндеттемелер (қамтамасыз етуді шегергенге дейін)

9.960.173	8.769.792
-----------	-----------

Қамтамасыз ету ретінде ұсталатын қаражатты шегергенде
(14-ескертпе)

(23.330)	(87.090)
----------	----------

Шарттық және шартты міндеттемелер

9.936.843	8.682.702
-----------	-----------

Шарттарға сәйкес пайдаланылмаған кредиттік желілер, аккредитивтер мен кепілдіктер бойынша берешектің жалпы сомасы міндетті түрде болашақ ақшалай талаптарды білдірмейді, өйткені қарыз алушыға қаражат берілмей аталған міндеттемелердің қолданылу мерзімі аяқталуы немесе күші жойылуы мүмкін.

Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер туралы келісімдер Банк үшін қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда Банктің келісімнен біржақты шығу құқығын көздейді.

18. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі ККЗ бойынша бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Қаржылық кепілдіктер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СКҚК</i>	<i>Жиыны</i>
2025 жылғы 1 қаңтарға ККЗ-мен бағалау резерві	(23.426)	—	(140.080)	—	(163.506)
Жаңа қаржылық кепілдіктер	(3.373)	—	—	—	(3.373)
Қолданылу мерзімі өткен міндеттемелер	3.369	—	—	—	3.369
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған модельдер мен бастапқы деректерді өзгерту	15.430	—	(9.349)	—	6.081
2025 жылғы 31 желтоқсанға	(8.000)	—	(149.429)	—	(157.429)

<i>Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2025 жылғы 1 қаңтарға ККЗ-мен бағалау резерві	(5.209)	(5.209)
Жаңа міндеттемелер	(1.655)	(1.655)
Қолданылу мерзімі өткен міндеттемелер	7	7
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған модельдер мен бастапқы деректерді өзгерту	(9.784)	(9.784)
Бағам айырмашылықтары	405	405
2025 жылғы 31 желтоқсанға	(16.236)	(16.236)

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі ККЗ бойынша бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Қаржылық кепілдіктер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СКҚК</i>	<i>Жиыны</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ-мен бағалау резерві	(12.992)	—	(250.223)	—	(263.215)
Жаңа қаржылық кепілдіктер	(23.639)	—	—	—	(23.639)
Қолданылу мерзімі өткен міндеттемелер	14.806	—	109.244	—	124.050
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған модельдер мен бастапқы деректерді өзгерту	(1.601)	—	899	—	(702)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(23.426)	—	(140.080)	—	(163.506)

<i>Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ-мен бағалау резерві	(2.871)	(2.871)
Жаңа міндеттемелер	(9.568)	(9.568)
Қолданылу мерзімі өткен міндеттемелер	1.186	1.186
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған модельдер мен бастапқы деректерді өзгерту	5.792	5.792
Бағам айырмашылықтары	252	252
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(5.209)	(5.209)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

19. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің борыштық бағалы қағаздары толығымен өтелді.

	<i>Шығарылған борыштық құнды қағаздар</i>
2024 жылғы 1 қаңтардағы баланстық құны	18.865.799
Өтеу	(18.689.910)
Басқалары	(175.889)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	—
Өтеу	—
2025 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	—

20. Таза комиссиялық кірістер

Таза комиссиялық кірістер:

	<i>2025 жыл</i>	<i>2024 жыл</i>
Аударым операциялары	1.264.741	2.089.331
Агенттік қызметтер	-	1.292.034
Кассалық операциялар	1.196.026	702.728
Төлем карталарына қызмет көрсету	430.452	345.861
Шетел валютасымен операциялар	320.731	408.720
Есеп айырысу операциялары	143.760	169.593
Қашықтықтан банктік қызмет көрсету	123.671	152.780
Берілген кепілдіктер	24.906	37.647
Шығарылған аккредитивтер	7.398	7.573
Басқалары	88.542	20.907
Комиссиялық кірістер	5.673.888	5.227.174
Аударым операциялары	(4.693.370)	(1.422.935)
Есеп айырысу операциялары және төлем карталарына қызмет көрсету	(191.519)	(141.536)
Агенттік қызметтер	(118.755)	(272.719)
Кастодиандық қызметтер	(1.689)	(32.826)
Басқалары	(3.779)	(11.884)
Комиссиялық шығыстар	(5.009.112)	(1.881.900)
Таза комиссиялық кірістер	664.776	3.345.274



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

20. Таза комиссиялық кірістер (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы есепте Банк шарт бойынша мынадай активтерді және клиенттермен жасалған шарттарға байланысты шарт бойынша міндеттемелерді таныды:

	2025 жыл	2024 жыл
Есептелген болашақ кіріс (өзге активтердің құрамында ұсынылған)	246.384	172.903
Кейінге қалдырылған кіріс (өзге міндеттемелер құрамында ұсынылған)	152.251	82.922

Банк, әдетте, олар тиесілі операция аяқталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін бірден (орындау міндеті белгілі бір уақытта орындалатын шарттар жағдайында, мысалы, есеп айырысу операциялары) комиссиялық алым алады. Кезең ішінде орындалатын қызметтерді (кредиттік карталарға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер сияқты) ұсынған жағдайда Банк әдетте ай сайын, тоқсан сайын немесе жыл сайын шарттың жалпы қолданылу мерзімінің тиісті бөлігіне қатысты сома алады.

Банк ХКЕС (IFRS) 15-тің 121-тармағында көзделген практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданады және қолданылуының бастапқы күтілетін мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша орындалуға қалған міндеттер туралы ақпаратты ашпайды.

21. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер

Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер:

	2025 жыл	2024 жыл
Сауда операциялары	43.036.135	46.005.268
Валюталық баптарды қайта бағалау	1.405.145	500.635
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістердің жиынтығы	44.441.280	46.505.903

22. Персоналға арналған шығыстар және өзге операциялық шығыстар

Персоналға арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар:

	2025 жыл	2024 жыл
Жалақы және сыйлықақылар	(8.624.315)	(8.971.933)
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	(1.152.994)	(880.687)
Персоналға жұмсалатын шығыстар	(9.777.309)	(9.852.620)
Лицензиялар	(739.906)	(497.138)
Маркетинг және жарнама	(576.663)	(263.076)
Іссапар шығыстары	(260.730)	(269.724)
Ақпараттық қызметтер	(257.710)	(180.327)
Байланыс қызметтері	(203.401)	(234.755)
Жалға алу	(195.747)	(448.368)
Қорғау	(171.320)	(173.875)
ҚДКҚ жарналары	(141.571)	(128.237)
Заң және консультациялық қызметтер	(126.062)	(108.491)
Инкассация	(97.970)	(75.827)
Көлік	(71.347)	(84.686)
Негізгі құралдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету	(58.324)	(74.612)
Өкілдік шығыстар	(58.089)	(45.237)
Мүшелік жарналар	(43.242)	(39.008)
Кеңсе керек-жарақтары	(18.390)	(20.480)
Аударым қызметтері	(5.607)	(3.906)
Сақтандыруға арналған шығыстар	(85)	(2.755)
Басқалары	(269.002)	(131.968)
Басқа операциялық шығыстар	(3.295.166)	(2.782.490)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

23. Акцияға шаққандағы пайда

Акцияға базалық пайда жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі жыл ішіндегі таза пайданы кезең ішінде айналыстағы акциялардың орташа өлшенген санына бөлумен есептеледі. Банктің опциондары немесе айырбасталатын борыштық немесе үлестік құралдары жоқ.

Төменде акцияға базалық және бөлінген пайданы есептеу кезінде пайдаланылған пайда мен акциялар туралы деректер келтіріледі:

	2025 жыл	2024 жыл
Банк акционеріне келетін жыл ішіндегі таза пайда	45.191.735	41.016.667
Акцияға базалық және таратылған пайданы айқындау мақсатында жай акциялардың орташа өлшенген саны	7.375.700	7.375.700
Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	6.127,11	5.561,05

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында Банкте акцияға пайданы бөлетін қаржы құралдары болмады.

ҚҚБ Листингтік қағидаларында көрсетілген әдіснамаға сәйкес есептелген және 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бір жай акцияның баланстық құны төменде берілген:

Акциялардың түрі	Айналыстағы акциялар саны	2025 жыл		Айналыстағы акциялар саны	2024 жыл	
		Таза активтер (мың теңгемен)	Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)		Таза активтер (мың теңгемен)	Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)
Жай	7.375.700	113.143.807	15.340,1	7.375.700	100.571.213	13.635,5

24. Тәуекелдерді басқару

Кіріспе

Банк қызметіне тәуекелдер тән. Банк тұрақты анықтау, бағалау және қадағалау процесі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және ішкі бақылаудың басқа да шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесі Банктің тұрақты рентабельділігін қолдау үшін шешуші мәнге ие және Банктің әрбір жеке қызметкері оның немесе оның міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады. Банк кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды. Банк сондай-ақ операциялық тәуекелдерге ұшырайды. Тәуекелдерді басқару кезінде Банк бекітілген жалпы топтық стандарттар мен тәсілдерді қолданады.

Банктің тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Банк қызметінің сипаты мен ауқымына, қабылданатын тәуекелдер бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту қажеттіліктеріне жауап беретін тәуекелдерді басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, ортаның, технологияның өзгеруі немесе саладағы өзгерістер сияқты қызметті жүргізу тәуекелдерін қозғамайды. Мұндай тәуекелдерді Банк стратегиялық жоспарлау процесі барысында бақылайды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді айқындау, олардың жол берілетін деңгейін белгілеу және оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілікті Директорлар кеңесі көтереді, алайда тәуекелдерді басқару мен бақылау үшін жауап беретін жекелеген тәуелсіз органдар да болады.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы тәсіліне, тәуекелдерді басқарудың стратегиясы мен қағидаларын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Банктегі тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелдерді басқару комитеті

Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу және тәуекелдің қағидаттарын, тұжырымдамасын, саясатын және лимиттерін енгізу үшін жалпы жауапты болады. Ол тәуекелдерді басқарудың елеулі мәселелері үшін жауап береді және тәуекелдерге қатысты қабылданған тиісті шешімдердің орындалуын бақылайды.

Тәуекелдерді бақылау

Тәуекелдер бөлімшесі Банктің тәуекелдерді басқару қағидаттарының, саясатының және тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауап береді, белгіленген лимиттермен салыстырғанда тәуекелге ұшыраған позициялардың мөлшерін бақылауды, сондай-ақ жаңа өнімдер мен құрылымдалған мәмілелер тәуекелін бағалауды қоса алғанда, тәуекелдерді тәуелсіз бақылауға жауап береді. Осы бөлімше тәуекелді бағалау жүйесінде және тәуекелдер туралы есептілікте толық ақпарат жинауды қамтамасыз етеді. Ол кредиттік портфельдің сапасын, кредиттік тәуекелдің өтімді қамтамасыз етумен қамтылуын қадағалайды және бақылайды. Бөлімше Банктің Кредиттік саясатын іске асыруға және ішкі құжаттар мен мемлекеттік реттеуші органдардың талаптарын орындауға жауап береді. Ол түрлі тәуекелдерді қабылдау бойынша шешімдер қабылдауға қатысады. Бөлімше Банкке тән тәуекелдерді сандық бағалау әдістерін әзірлейді және Банктің әртүрлі бөлімшелеріне тәуекелдерді азайту және тиімді бақылау бойынша ұсынымдар береді. Ол тәуекелдерді бағалауға, тәуекел деңгейін бақылауға және тәуекелді төмендету бойынша рәсімдерді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әдістемелер мен талдамалық құралдарды әзірлейді және енгізеді.

Банктің Қазынашылығы

Банктің Қазынашылығы Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеттің шешімдерін орындау жолымен Банктің активтері мен пассивтерін басқаруға жауап береді. Қазынашылық өтімділік тәуекелі мен Банкті қаржыландыру тәуекелі үшін де негізгі жауапты болады.

Ішкі аудит

Банкте өтетін тәуекелдерді басқару процестерін жыл сайын Ішкі аудит қызметі аудиттейді, ол Банктің рәсімдерінің жеткіліктілігін де, осы рәсімдердің орындалуын да тексереді. Ішкі аудит қызметі жүргізілген тексерулердің нәтижелерін басшылықпен талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Аудит жөніндегі комитетке ұсынады.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Банктің тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында туындауы ықтимал күтілетін залалды да, статистикалық модельдер негізінде ең көп нақты шығындарды бағалауды білдіретін күтілмеген залалдарды да көрсететін әдіс көмегімен бағаланады. Банк сондай-ақ ықтимал емес деп саналатын оқиғалар болған жағдайда орын алатын «ең нашар сценарийлерді» модельдейді.

Тәуекелдердің мониторингі мен бақылауы, негізінен, Банк белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер Банк жұмыс істейтін қызметті жүргізу стратегиясын және нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Банк қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді, әрі жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты өзінің жалпы тәуекелдерді көтеру қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат талдау, бақылау және тәуекелдерді ерте анықтау мақсатында зерделенеді және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, Тәуекелдер жөніндегі комитетке және әрбір бөлімшенің басшыларына түсіндірмелермен ұсынылады. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері туралы ақпарат, болжамды кредиттік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел лимиттерінен алып тастаулар, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер қамтылады. Ай сайын салалар, бизнес сегменттері, өнімдер, валюта, қамтамасыз ету түрлері, қаржыландыру мерзімдері және өнірлер бөлінісінде тәуекелдер туралы ақпарат ұсынылады. Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдер туралы толық есеп алады, онда Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат қамтылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелді төмендету

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Банк пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позициялардың салдарынан туындайтын позицияларды басқару үшін қаржы құралдарын пайдаланады. Банк өзінің кредиттік тәуекелін төмендету үшін қамтамасыз етуді белсенді пайдаланады (қосымша ақпарат бұдан әрі ашылған).

Кредиттік тәуекелдің төмендеуі бастапқы қаржыландыру кезінде белгіленген ковенанттардың орындалуын бақылай отырып, қаржылық жай-күйдің тұрақты кеңейтілген мониторингі және клиенттерді кепілдік қамтамасыз ету есебінен қамтамасыз етіледі.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы

Тәуекелдің шоғырлануы бірқатар контрагенттер қызметтің ұқсас түрлерін жүзеге асырған немесе олардың қызметі бір географиялық өңірде жүргізілген немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болған жағдайда туындайды және экономикалық, саяси және басқа да жағдайлардағы өзгерістер нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне ұқсас әсер етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Банк қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық өңірге әсер ететін жағдайлардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін Банктің саясаты мен рәсімдері әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттарды қамтиды. Кредиттік тәуекелдің белгіленген шоғырлануларын бақылау және басқару жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – оның клиенттері немесе контрагенттері өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан Банктің залалға ұшырау қаупі. Банк жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Банк қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу жолымен, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген лимиттерін сақтау мониторингінің көмегімен кредиттік тәуекелді басқарады.

Банк контрагенттердің кредиттік қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістерді ерте анықтауды қамтамасыз ету үшін, қамтамасыз ету мөлшерін мерзімді қайта қарауды қоса алғанда, кредиттік сапаны тексеру рәсімін әзірледі. Контрагенттер бойынша лимиттер әрбір контрагентке кредиттік рейтинг беретін кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесін пайдалана отырып айқындалған. Рейтингітер үнемі қайта қаралады. Кредиттік сапаны тексеру рәсімі Банкке өзі ұшырайтын тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелерге байланысты тәуекелдер

Банк өз клиенттеріне Банктің клиенттердің атынан төлемдер жүргізу қажеттігі туындауы мүмкін кепілдіктер алу мүмкіндігін береді. Клиенттер мұндай төлемдерді Банкке аккредитив беру шарттарына сәйкес өтейді. Көрсетілген шарттар бойынша Банк кредиттер бойынша тәуекелдерге ұқсас және тәуекелдерді бақылау рәсімдері мен саясатының көмегімен төмендейтін тәуекелдерді көтереді.

Өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелдің төмендеуінің әсерін ескерусіз қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін анағұрлым дәл көрсетеді.

Әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін, бірақ болашақта құндағы өзгерістер нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін білдіреді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы неғұрлым толық ақпарат жекелеген ескертулерде берілген. Қамтамасыз етудің және тәуекелді төмендетудің өзге де әдістерінің әсері 10 «Клиенттерге кредиттер» ескертпесінде және 21 «Шарттық және шартты міндеттемелер» ескертпесінде берілген.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау

Банк тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамалас мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатының күтілетін жетіспеушіліктерін бағалау үшін ықтималдықты ескере отырып мөлшерленген бірнеше сценарий негізінде ККЗ есептейді. Ақша қаражатын алмау – бұл шартқа сәйкес Банкке тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма. ККЗ есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер мыналар болып табылады:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Дефолт ықтималдығы берілген уақыт аралығында дефолт болу ықтималдығын есептеу бағасын білдіреді. Дефолт, егер активті тану тоқтатылмаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса, қаралып отырған кезең ішіндегі уақыттың белгілі бір сәтінде ғана орын алуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама борыштың негізгі сомасын және шартта көзделген проценттерді қоса алғанда, есепті күннен кейінгі осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, берілген қарыздардың күтілетін өтелуін және төлемдердің кешіктірілуі нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшырайтын шаманы есептік бағалауды білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақыт сәтінде дефолт туындаған жағдайда туындайтын шығындарды есептік бағалауды білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін ақша ағындарының арасындағы айырмашылыққа, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайызбен көрсетіледі.

Егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алса, ККЗ-мен бағалау резерві пайда болуы активтің қолданылу мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдар негізінде есептеледі (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ), олай болмаған жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада есептеледі (12 айлық ККЗ). 12 айлық ККЗ – бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын ККЗ болып табылатын бүкіл мерзім ішіндегі ККЗ бөлігі. Барлық мерзім үшін ККЗ және 12 айлық ККЗ қаржы құралдарының базалық портфельінің сипатына қарай не жеке негізде, не топтық негізде есептеледі.

Банк бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болған-болмағандығына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен саясат әзірледі. Банк жоғарыда сипатталған процестің негізінде өздеріне берілген кредиттерді мынадай топтарға біріктіреді:

1-кезең:	Кредит бастапқы танылған кезде Банк 12 айлық ККЗ-ға тең сомада бағалау резервін таниды. 1-кезеңге кредиттік тәуекел 2-кезеңнен көшірілетіндей дәрежеге дейін азайған кредиттер және басқа кредиттік желілер де жатады.
2-кезең:	Егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайса, Банк бағалау резервін бүкіл мерзім үшін ККЗ-ға тең сомада таниды. 2-кезеңге кредиттік тәуекел 3-кезеңнен көшірілетіндей дәрежеге дейін азайған кредиттер және басқа кредиттік желілер де жатады.
3-кезең:	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын кредиттер. Банк бағалау резервін бүкіл мерзім үшін ККЗ-ға тең сомада таниды.
СКҚК:	Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СКҚК) активтер – бұл бастапқы тану сәтінде кредиттік құнсыздануы болған қаржылық активтер. Бастапқы тану кезінде СКҚК активтер әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. ККЗ-мен бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде ғана танылады немесе танылуын тоқтатады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Дефолтты және сауығуды анықтау

Банк қаржы құралы бойынша дефолт болды деп есептейді және тиісінше оны қарыз алушы шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктірген кез келген жағдайда ККЗ есептеу мақсаттары үшін 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады. Банк қаражатқа қатысты банктерде дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күн жабылған сәтте жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті күндік төлемдер жүргізілмесе, оны жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Банк сондай-ақ төлемнің ықтимал еместігін көрсете алатын бірқатар оқиғаларды қарайды. Мұндай оқиғалар туындаған жағдайда Банк мұндай оқиғаның дефолтқа әкелетінін және активтерді ККЗ есептеу мақсаттары үшін 3-кезеңге жатқызу керек пе немесе 2-кезең сәйкес келетінін мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға мыналар жатады:

- қарыз алушыға «Проблемалық берешек» мәртебесін беру;
- жеке негізде бағаланатын қарыз алушылар бойынша 60 күнтізбелік күннен астам және ұжымдық негізде бағаланатын қарыз алушылар бойынша 90-нан астам мерзімге негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің болуы;
- қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты қарызды қайта құрылымдау;
- қарыз алушының қайтыс болуы;
- Банкте форс-мажорлық, сондай-ақ қарыз алушыға елеулі материалдық залал келтірген өзге де мән-жайлар туралы расталатын ақпараттың болуы, соның нәтижесінде қарыз алушы өз қызметін жалғастыра алмауы;
- борышкер (немесе борышкер тобының құрамындағы занды тұлға) банкроттық туралы өтініш берген немесе өзін банкрот деп жариялаған.
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушыны банкрот деп тану туралы талап қою;
- қарыз алушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны банкрот деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуі.

Банктің саясатына сәйкес қаржы құралдары «емделді» деп есептеледі және, демек, мынадай шарттар орындалған кезде 3-кезеңнен 2-кезеңге ауыстырылады:

- қарыз алушының провизияларды (резервтерді) қалыптастыру күніндегі қаржы активінің жалпы баланстық құнының қаржы активін 3-кезеңге жатқызу сәтіндегі берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейге дейін төмендеуіне әкеп соғатын берешекті өтеуі;
- оның негізінде қарыз алушы 3-кезеңге жатқызылған бұрын анықталған оқиғаға қосымша қарыз алушыға тән жаңа дефолт оқиғалары жоқ;
- қарыз алушының жаңа шарттың/қайта құрылымдауды жүргізу нәтижелері бойынша жасалған шарттың жаңа параметрлерінің талаптарына сәйкес негізгі борыш сомасының кемінде 30%-ын өтеуі;
- Банкте белгіленген тәртіпке сәйкес қарыз алушының кредит қабілеттілігін (оның ішінде қарыз алушының қаржылық жай-күйін сипаттайтын сапалық және сандық факторларды) оң бағалау шартымен дефолтты қайта құрылымдау жүргізілгеннен кейін 2 жыл мерзімнің өтуі.

Ішкі рейтингті беру және дефолт ықтималдығын бағалау процесі

Корпоративтік клиенттер бойынша ішкі рейтинг деңгейлерін беру модельдерін Банктің кредиттік тәуекелдер департаменті әзірлейді және қолданады. Модельдерде сандық та, сапалық та ақпарат пайдаланылады және қарыз алушыға тән ақпараттан басқа, сондай-ақ қарыз алушының мінез-құлқына әсер етуі мүмкін сыртқы көздерден алынған қосымша ақпарат ескеріледі. Бұл іс жүзінде жүзеге асырылатын жерде ұлттық және халықаралық рейтингтік агенттіктердің ақпараты да пайдаланылады. Рейтингінің әрбір деңгейі үшін болжамды ақпаратты және активтердің ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес Кезеңдерге жіктелуін ескеретін дефолттың басталу ықтималдығының көрсеткіштері беріледі. Қажет болған жағдайда бұл деректер әрбір экономикалық сценарий үшін айқындалады.

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Банктің қазынашылық және банкаралық қатынастары қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдар, банктер, брокер-дилерлер, биржалар және клирингтік ұйымдар сияқты контрагенттермен қатынастарды қамтиды. Мұндай қатынастарды бағалау үшін Банктің кредиттік тәуекел департаменті қаржылық есептілік сияқты жалпыға қолжетімді ақпаратты және басқа сыртқы көздерден алынған деректерді, мысалы, сыртқы рейтингтерді талдайды және төмендегі кестеде көрсетілгендей ішкі рейтингтің деңгейін береді.

Сыртқы халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингі (Standard and poor)	Ішкі рейтинг деңгейі	Ішкі рейтинг деңгейінің сипаты	Дефолт ықтималдығы, 12 айлық PD
AAA			0,00
AA +			0,00
AA			0,01
AA-			0,02
A +			0,04
A			0,04
A-			0,06
BBB +			0,11
BBB			0,19
BBB-			0,22
BB+	A1	Ең жоғарғы	0,44
BB	A2	Өте жоғары	0,64
BB	A3	Жоғары	0,64
BB-	B1	Орташа	1,10
BB-	B2	Орташа	1,10
B+	B3	Орташадан шамалы төмен	1,96
B+	C1	Ортадан төмен	1,96
B	C2	Төмен	5,27
B	C3	Өте төмен	5,27
B-	D	Төменгі дәреже	8,07
CCC/C		Дефолтты	24,54

Коммерциялық кредит беру және шағын бизнес кәсіпорындарына кредит беру

Коммерциялық кредит беру жағдайында кредиттердің сапасын бағалауды Банктің Кредиттік тәуекелдер департаменті жүргізеді. Кредиттік тәуекелді бағалау кредиттік скоринг моделіне негізделген, ол мынадай әртүрлі тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты ескереді:

- Тарихи қаржылық ақпарат клиенттер бөлінісінде дайындалған болжамдармен және жоспарлармен бірге. Мұндай қаржылық ақпарат алынған және күтілетін нәтижелер туралы деректерді, төлем қабілеттілігі коэффициенттерін, өтімділік коэффициенттерін және клиент қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау үшін орынды кез келген басқа коэффициенттерді қамтиды. Мұндай көрсеткіштердің бір бөлігі клиенттермен жасалған шарттарда бекітіледі және демек, оларды бағалауға көбірек назар аударылады.
- Сыртқы ақпарат көздеріндегі клиенттер туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат. Мұндай ақпарат рейтингтік агенттіктер берген сыртқы рейтингтерді, тәуелсіз талдаушылардың есептерін, облигациялар нарығында айналыстағы бағаларды немесе баспасөз хабарламалары мен баптарды қамтиды.
- Макроэкономикалық ақпарат.
- Ұйым қызметінің нәтижелерін айқындау үшін орынды клиенттің басқару сапасы мен мүмкіндіктері туралы басқа да негізделген және расталатын ақпарат.

(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Тұтынушылық кредит беру және ипотекалық кредит беру

Бөлшек бизнесті кредиттеу коммерциялық және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етілмеген мақсаттарға кредит беруді қамтиды. Осы өнімдерді бағалау клиент туралы әлеуметтік-демографиялық деректердің, кредиттік тарих бюросының деректерінің және оның кредит қабілеттілігін және қарыз бойынша төлем қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік беретін клиент туралы өзге де ақпарат көздерінің скорингін қамтитын кредиттік өтінімдерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама

Дефолт тәуекеліне (EAD) ұшыраған шама құнсыздану мәніне бағалануға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді. 1-кезеңнің кредиттері үшін EAD есептеу үшін Банк 12 айлық ККЗ бағалау үшін 12 ай ішінде дефолт болу ықтималдығын бағалайды. 2-кезеңнің және 3-кезеңнің активтері үшін Банк құралдың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу ықтималдығын бағалайды.

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі

LGD көрсеткішін Банктің тәуекелдер департаменті ай сайынғы негізде бағалайды. Кредиттік тәуекелді бағалау «Recovery cash» және кепілдік қамтамасыз ету екі көрсеткіштен тұратын LGD бағалау моделіне негізделеді. «Recovery cash» дефолт мәртебесі берілген сәттен бастап дефолтқа шыққан кредиттер бойынша нақты ақшалай өтеу бойынша тарихи деректерді ескереді. Кепілді қамтамасыз ету құны тіркелген коэффициентке (кепіл түріне байланысты) төмендеуді ескере отырып бағаланады, содан кейін бастапқы тиімді мөлшерлеме бойынша 2 жылға дисконттауға жатады. Осы әдістерді қолдану нәтижесінде белгілі бір LGD деңгейлері белгіленеді.

Банк өзінің бөлшек кредиттік өнімдерін ұқсас параметрлер негізінде біртекті топтарға біріктіреді. Атап айтқанда, Банк қамтамасыз ету түрі бойынша, қаражатты ұсыну мерзімі бойынша, қарыз алушының сипаттамасы бойынша және басқалар сияқты параметрлер бойынша өнімдердің топтарын айқындайды.

LGD деңгейлері 1, 2 және 3-кезеңдердің барлық активтер кластары және СҚКҚ үшін бағаланады.

Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы

Банк ККЗ есептелетін барлық активтерді үнемі тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздануға бағалау резервін қандай сомада құру қажеттігін анықтау үшін (яғни 12 айлық ККЗ немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ сомасында) Банк осы құрал бойынша кредиттік тәуекел едәуір ұлғайғанын талдайды. Банк қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайды және қаржы активі мынадай жағдайларда 2-кезеңге жатқызылады деп есептейді:

- коммерциялық кредит беру жағдайында – қаржы құралы бойынша мерзімі 30 күннен 90 күнге дейінгі мерзімге ұлғайды; қаржы құралына «әлеуетті проблемалық мәміле» белгісін беру; қаржы активін таныған сәттен бастап клиенттің рейтингін 3 және одан да көп позицияға төмендету (қаржы активін тану сәтінде бастапқы берілген рейтингке байланысты);
- бөлшек және шағын бизнес кредиттері жағдайында – қаржы құралы бойынша мерзімі 30 күннен 90 күнге дейін ұлғайды.

ККЗ бойынша резервтерді бағалау

ККЗ резервтерін бағалау мынадай сценарийлер бойынша жүзеге асырылады:

Коммерциялық кредиттеу

Барлық портфель бойынша әрбір қаржы активі бөлінісінде мынадай көрсеткіштерді бағалау жүзеге асырылады: клиент дефолттың ықтималдығы (әрбір клиентке белгілі бір және белгіленген рейтингке негізделген); дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD), ол «Recovery cash» және кепілдікті қамтамасыз етудің бөлінген құнын бағалауды көздейді. LGD бағалау әрбір қаржы активі бойынша жеке жүргізіледі.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

ККЗ бойынша резервтерді бағалау (жалғасы)

Шағын бизнесті кредиттеу, тұтынушылық кредиттеу және ипотекалық кредиттеу

Коммерциялық кредиттеу портфеліне ұқсас барлық портфель бойынша әрбір қаржы активі бөлінісінде мынадай көрсеткіштерді бағалау жүзеге асырылады: клиенттің дефолт ықтималдығы (өту матрицаларына негізделген (Марков Тізбектері әдісі); Recovery cash бағалауын және кепілдік қамтамасыз етудің бөлінген құнын көздейтін дефолт (LGD) кезіндегі ысыраптар деңгейі. Әрбір қаржы активі бойынша LGD жеке бағалауға байланысты шағын бизнес, тұтынушылық кредит беру және ипотекалық кредит беру портфелі бойынша резервтерді есептеу әрбір қаржы активі бөлінісінде жеке жүзеге асырылады. Оған «Қолма-қол кредит» өнімдері, карточкалық өнімдер жатпайды. Осы өнімдер портфеліндегі ККЗ-ға арналған резервтерді бағалау ұжымдық негізде жүзеге асырылады. Бұл кепілдікті қамтамасыз етудің болмауына байланысты, бұл LGD жеке бағалауды болдырмайды, осыған байланысты осы өнімдерде ұжымдық негізде ККЗ-ға резервтерді бағалау бағаланады.

Портфельге қарамастан, 3-кезеңге жатқызылған барлық қаржылық активтердің дефолт ықтималдығы 100% тең.

3-кезеңге жатқызылған қаржылық активтер бойынша Банктің меншікті капиталының баланстық құны 0,2%-дан астам коммерциялық кредиттеу портфелінде және шағын бизнесті кредиттеу портфелінде ККЗ-мен резервтерді бағалау көптеген экономикалық сценарийлер негізінде жеке негізде жүзеге асырылады.

Болжамды ақпарат және көптеген экономикалық сценарийлер

Банк өзінің ККЗ есептеу модельдерінде бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады, мысалы:

- ЖІӨ өсу қарқыны;
- алтын бағасының өсу қарқыны;
- алюминий бағасының өсу қарқыны;
- мыс құнының өсу қарқыны;
- доллар бағамының теңгеге қатысты өсу қарқыны;
- Brent маркалы мұнай баррелінің құны;
- жұмыссыз халықтың деңгейі, %.

ККЗ есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен модельдер қаржылық есептілікті ұсыну күніндегі нарықтың барлық сипаттамаларын әрдайым көрсете бермейді. Мұны көрсету үшін кейде, егер мұндай айырмашылықтар елеулі болып табылса, уақытша түзетулер ретінде сапалы түзетулер немесе салу жүргізіледі.

Болжамды ақпаратты алу үшін Банк сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, орталық банктер және халықаралық қаржы институттары) алынған деректерді пайдаланады.

Негізгі факторлар	ККЗ сценарийі	Берілген ықтималдық, %	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
ЖІӨ өсімі, %	Оптимистік	10	7.70	7.30	7.10
	Базалық	80	4.80	4.40	4.20
	Пессимистік	10	2.98	2.58	2.38
Доллар бағамының теңгеге қатысты өсу қарқыны	Оптимистік	10	0.88	0.97	0.98
	Базалық	80	1.02	1.10	1.11
	Пессимистік	10	1.12	1.20	1.21



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Қаржы активтерінің сыныптары бойынша кредиттік сапа

Шағын бизнеске кредиттерді, тұтынушылық және ипотекалық кредиттерді қоспағанда, Банк қаржы активтерінің кредиттік сапасын рейтингтер берудің ішкі жүйесінің көмегімен басқарады.

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің кредиттік рейтингтер жүйесі негізінде қаржылық жағдай туралы есептің баптары бойынша активтер сыныптары бөлінісінде кредиттік сапаны талдау берілген.

	Еск.	Кезең	Жоғары рейтинг	Стандартты			Жиыны
				Стандартты рейтинг	рейтингтен төмен	Дефолттық	
Қолма-қол ақшаны қоспағанда, ақша қаражаты және олардың баламалары	6	1-кезең	190.508.071	776.142	-	-	191.284.213
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	7	1-кезең	185.605	65.106	-	-	250.711
Клиенттерге амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер:							
- Коммерциялық кредит беру	8	1-кезең	2.543.004	3.348.807	-	-	5.891.811
		3-кезең	-	-	-	356.454	356.454
		СКҚК	-	-	-	15.088	15.088
Қаржылық кепілдіктер							
- Коммерциялық кредит беру	18	1-кезең	462.267	807.407	21.330	-	1.291.004
		3-кезең	-	-	-	2.076	2.076
Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер							
- Коммерциялық кредит беру	18	1-кезең	6.350.428	2.136.774	179.892	-	8.667.094
			200.049.375	7.134.236	201.222	373.618	207.758.451

Төмендегі кестеде Банктің кредиттік рейтингтер жүйесі негізінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептің баптары бойынша активтер сыныптары бөлінісінде кредиттік сапаны талдау берілген.

	Еск.	Кезең	Жоғары рейтинг	Стандартты			Жиыны
				Стандартты рейтинг	рейтингтен төмен	Дефолттық	
Қолма-қол ақшаны қоспағанда, ақша қаражаты және олардың баламалары	6	1-кезең	158.107.046	554.491	-	-	158.661.537
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	7	1-кезең	192.795	49.791	-	-	242.586
Клиенттерге амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер:							
- Коммерциялық кредит беру	8	1-кезең	1.000.479	4.708.205	225.613	-	5.934.297
		3-кезең	-	-	-	447.769	447.769
		СКҚК	-	-	-	101.494	101.494
Қаржылық кепілдіктер							
- Коммерциялық кредит беру	18	1-кезең	-	1.589.574	61.659	-	1.651.233
		3-кезең	-	-	-	11.423	11.423
Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер							
- Коммерциялық кредит беру	18	1-кезең	2.253.539	3.558.808	-	-	5.812.347
Аккредитивтер	18	1-кезең	1.209.334	-	-	-	1.209.334
			162.763.193	10.460.869	287.272	560.686	174.072.020

Өз саясатына сәйкес Банк өзінің корпоративтік кредиттеу портфелінің шеңберінде рейтингтерді дәл және дәйекті түрде беруді жүзеге асыруға тиіс. Бұл қолданыстағы тәуекелдерді шоғырландырылған басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ қызметтің әртүрлі түрлері, географиялық өңірлер мен өнімдер бойынша кредиттік тәуекелдің мөлшерін салыстыруға мүмкіндік береді. Рейтингтер беру жүйесі бірқатар қаржылық-талдамалық әдістерге, сондай-ақ контрагенттердің тәуекелін бағалау үшін негізгі бастапқы ақпаратты білдіретін өңделген нарықтық деректерге сүйенеді. Тәуекелдің барлық ішкі санаттары Банктің рейтингін беру саясатына сәйкес айқындалған. Берілетін рейтингтер үнемі бағаланады және қайта қаралады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер де құнсыздану мәніне тексеріледі және күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві кредиттер жағдайындағы сияқты түрде есептеледі.

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Географиялық шоғырлануы

Төменде Банктің 31 желтоқсандағы қаржылық активтері мен міндеттемелерінің географиялық белгісі бойынша шоғырлануы берілген:

	2025 жыл			
	Қазақстан	ТМД және ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдер	ЭЫДҰ елдері	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	195.953.167	768.832	-	196.721.999
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	-	90.338	160.373	250.711
Клиенттерге берілген кредиттер	39.071.600	-	-	39.071.600
Өзге де қаржы активтері	391.893	328.515	94.315	814.722
	235.416.660	1.187.685	254.688	236.859.032
Міндеттемелер				
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	8.247	35.622.390	-	35.630.637
Клиенттердің қаражаты	85.090.973	7.273.671	78.613	92.443.257
Жалдау бойынша міндеттемелер	4.302.185	-	-	4.302.185
Өзге де қаржылық міндеттемелер	1.228.025	24.962	1.757	1.254.743
	90.629.430	42.921.022	80.370	133.630.822
Таза активтер/(міндеттемелер)	144.787.230	(41.698.753)	174.318	103.262.795

	2024 жыл			
	Қазақстан	ТМД және ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдер	ЭЫДҰ елдері	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	163.512.751	554.491	-	164.067.242
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	-	76.040	166.546	242.586
Клиенттерге берілген кредиттер	61.001.512	517	-	61.002.029
Өзге де қаржы активтері	1.833.818	556.898	47.451	2.438.167
	226.348.081	1.187.946	213.997	227.750.024
Міндеттемелер				
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	8.247	24.430.045	15.728	24.454.020
Клиенттердің қаражаты	99.002.859	5.945.922	185.560	105.134.341
Жалдау бойынша міндеттемелер	2.448.317	-	-	2.448.317
Өзге де қаржылық міндеттемелер	537.083	230.865	52.862	820.810
	101.996.506	30.606.832	254.150	132.857.488
Таза активтер/(міндеттемелер)	124.351.575	(29.418.886)	(40.153)	94.892.536



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі – бұл Банктің төлемдер бойынша өз міндеттемелерін оларды кәдімгі немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі басталған кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында басшылық банк салымдарының қолданыстағы ең аз сомасына қосымша қаржыландырудың әртүрлі көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағындары мен өтімділіктің күнделікті мониторингін жүзеге асырады. Бұл үдеріс күтілетін ақша ағынын бағалауды және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуын қамтиды.

Өтімділік тәуекелін бағалау және төмендету, сондай-ақ осы тәуекелді басқару үшін Банк мынадай тәсілдерді пайдаланады:

- шарттық өтеу мерзімдерін талдау және ақша ағындарын болжау (алшақтықтарды талдау), сондай-ақ депозиттік базаның шоғырлануын талдау;
- өтеу мерзімдеріндегі алшақтықтарды шектейтін лимиттерді (алшақтық шамасына лимиттерді) белгілеу, сондай-ақ өтімділіктің ағымдағы және болжамды деңгейлерін ескере отырып, қаржыландырудың жалпы көлемі бойынша лимиттерді белгілеу және тұрақты өзектендіру;
- қысқа мерзімді өтімділікті басқару үшін қазынашылықтың бағалы қағаздар портфелін бөлу және пайдалану;
- шұғыл жағдайларда іс-қимыл жоспарларын (төтенше іс-шараларды қаржыландыру жоспарларын) әзірлеу.

Банк сондай-ақ реттеуші органдар белгілеген өтімділікке қойылатын талаптарды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарын міндетті нормативтер түрінде орындауға міндетті.

Банк өтімділіктің бірқатар ішкі көрсеткіштерінің мониторингін күнделікті негізде жүзеге асырады. Банк қазынашылығы қысқа мерзімді өтімділікті ақшалай позицияны және өтімділігі жоғары бағалы қағаздар портфелін пайдалана отырып, тұрақты негізде басқарады.

Банк ақша қаражатының ағыны күтпеген жағдайда ақша қаражаты есебінен тез сатылуы мүмкін әртүрлі, үлкен сұранысқа ие активтер портфеліне ие. Бұдан басқа, Банк ақша қаражатын (міндетті резервті) мөлшері Банк міндеттемелерінің деңгейіне байланысты болатын ҚРҰБ орналастырды.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде Банктің қаржылық міндеттемелері берілген. Бірінші талап бойынша өтеуге жататын міндеттемелер, егер өтеу туралы талап ең ерте ықтимал күнге мәлімделгендей қаралады. Алайда Банк көптеген клиенттер Банк тиісті төлем жүргізуге міндетті болатын ең ерте күнге өтеуді талап етпейді және төмендегі кестеде осы болжамды ескере отырып, мерзімдер бойынша жеке тұлғалардың мерзімді депозиттерін ұсынады деп күтеді:

Қаржылық міндеттемелер	2025 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	15.508.976	21.430.356	8.442	—	36.947.774
Клиенттердің қаражаты	48.990.983	42.584.865	3.915.898	2.724	95.494.470
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	—	—	—	—	—
Жалдау бойынша міндеттемелер	180.103	565.337	4.422.686	1.107.205	6.275.331
Өзге де қаржылық міндеттемелер	1.254.743	—	—	—	1.254.743
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	65.934.718	64.580.558	8.349.750	1.109.929	139.972.231



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару (жалғасы)

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер	2024 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	15.119.997	10.616.340	8.442	—	25.744.779
	57.399.586	43.100.720	9.086.357	666	
Клиенттердің қаражаты					109.587.329
Жалдау бойынша міндеттемелер	135.690	407.070	2.226.445	1.010.508	3.779.713
Өзге де қаржылық міндеттемелер	820.810	—	—	—	820.810
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	73.476.083	54.124.130	11.321.244	1.011.174	139.932.631

Өтеу мерзімдерін талдау ағымдағы шоттарда қаражаттың тарихи тұрақтылығын көрсетпейді, оларды қайтару жоғарыдағы кестелерде көрсетілгеннен неғұрлым ұзақ кезең ішінде дәстүрлі түрде жүргізілді. Бұл қалдықтар кестелерде «3 айдан аз» ішінде өтелуге тиіс сомаларға енгізілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Банк салымшылардың бірінші талабы бойынша клиенттер салымдарының сомасын беруге міндетті.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің шартты және шарттық міндеттемелерінің шарттық қолданылу мерзімдері берілген. Кредиттер беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оны орындауды талап ете алатын ең ерте күнді қамтитын уақыт кезеңіне енгізіледі. Қаржылық кепілдік шарттары жағдайында кепілдіктің ең жоғары сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең ерте кезеңге жатады.

	2025 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	
Шарттық және шартты міндеттемелер	1.450.510	5.363.001	760.000	2.560.327	10.133.838

	2024 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	
Шарттық және шартты міндеттемелер	2.230.464	500	6.707.543	—	8.938.507

Банк барлық шартты немесе шарттық міндеттемелерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындау талап етілмейді деп күтеді.

Нарықтық тәуекел

Банк нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшырайтын валюта құралдары бойынша ашық позицияларға байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды. Басшылық қабылданатын тәуекел деңгейіне қатысты лимиттерді белгілейді және олардың күнделікті негізде сақталуын бақылайды. Банк нарықтық тәуекелге сезімталдықты ай сайынғы негізде стресс-тестілеуді жүргізеді, бұл нарықта неғұрлым елеулі өзгерістер болған жағдайда белгіленген лимиттерден асатын шығындардың пайда болуының алдын алуға мүмкіндік береді.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістердің салдарынан ауытқитын тәуекел. Тәуекелдер жөніндегі комитет ҚРҰБ нормативтері негізінде шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттерді белгіледі. Позициялар күн сайын қадағаланады.

Келесі кестеде 31 желтоқсанда Банктің саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ болжанатын ақша ағындары бойынша елеулі позициялары бар валюталар берілген. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты валюталық бағамдардағы ықтимал өзгерістің пайдаға немесе залалға әсерін есептейді (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан). Капиталға әсері пайдаға немесе залалға әсерінен айырмашылығы жоқ. Барлық басқа параметрлер тұрақты шамалармен қабылданған. Кестедегі теріс сомалар пайдадағы немесе залалдағы немесе капиталдағы ықтимал таза азаюды, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

Валюта	2025 жыл			
	Валюта бағамындағы өзгеріс% -бен	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Валюта бағамындағы өзгеріс% -бен	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері
АҚШ доллары	10%	164.192	-10%	(164.192)
Еуро	10%	(2.751)	-10%	2.751
Ресей рублі	10%	110.222	-10%	(110.222)

Валюта	2024 жыл			
	Валюта бағамындағы өзгеріс% -бен	Салық салынғанға дейінгі залалға әсері	Валюта бағамындағы өзгеріс% -бен	Салық салынғанға дейінгі залалға әсері
АҚШ доллары	15%	355.944	-15%	(355.944)
Еуро	15%	(4.203)	-15%	4.203
Ресей рублі	10%	21.619	-10%	(21.619)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – жүйелік істен шығу, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмыс істеуін тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкеп соғуы мүмкін. Банк барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжамды ұсына алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және ықтимал тәуекелдерге тиісті реакция мен қадағалау жолымен Банк осындай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі ішкі аудитті қоса алғанда, міндеттерді, кол жеткізу құқығын, бекіту және салыстырып тексеру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ бағалау рәсімдерін тиімді бөлуді көздейді.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

25. Қаржы құралдарының әділ құны

Банк әділ құнды мерзімдік бағалау үшін де, бағалы қағаздарды сату үшін қолда жоқ жағдайда да, сатуға арналған активтерді біржолғы бағалау үшін де саясат пен рәсімдерді айқындайды.

Әрбір есепті күнге Банк активтер мен міндеттемелер құнының өзгеруін талдайды, оларға қатысты Банктің есеп саясатына сәйкес қайта бағалау не қайта талдау талап етіледі. Осы талдаудың максаттары үшін Банк бағалау есептеріндегі ақпаратты шарттармен және басқа да маңызды құжаттармен салыстыра отырып, алдыңғы бағалау кезінде пайдаланылған негізгі бастапқы деректерді тексереді. Банк сондай-ақ әрбір активтің және міндеттеменің әділ құнының әрбір өзгерісін осы өзгеріс негізді болып табылатынын айқындау үшін тиісті сыртқы көздермен салыстырады. Банк кезең-кезеңмен бағалау нәтижелерін Банктің Аудит жөніндегі комитетіне және тәуелсіз аудиторларына ұсынады. Бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдар талқыланады.

Банк қаржы құралдарын ХҚЕС (IFRS) 13 сәйкес әділ құн деңгейлері бойынша бағалайды. Жіктеу әдісі нарықтық ақпаратқа қолжетімділік дәрежесіне негізделген:

- 1-деңгей - ұқсас активтер мен міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағаланатын бағалар.
- 2-деңгей - нарықта қол жетімді, бірақ баға белгіленетін баға болып табылмайтын деректер (мысалы, ұқсас құралдарға арналған баға белгіленімдері немесе нарықтық бағалау модельдері).
- 3-деңгей - ішкі бағалау негізінде модельдерде пайдаланылатын, нарықта қол жетімсіз деректер.

Мынадай кестеде табиғат, актив пен міндеттеме бойынша сипаттамалар мен тәуекелдер, сондай-ақ әділ құн көздері сатысының деңгейлері негізінде активтер мен міндеттемелер сыныптары бөлінісінде активтер мен міндеттемелерді талдау берілген:

2025 жылғы 31 желтоқсан	Бағалау күні	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны
Әділ құны ашылатын активтер					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	196.721.999	—	196.721.999
	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	250.711	—	250.711
Қаржы ұйымдарындағы қаражат Клиенттерге берілген кредиттер	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	—	—
	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	41.609.675	41.609.675
Өзге де қаржы активтері	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	814.722	814.722
	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	814.722	814.722
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты Клиенттердің қаражаты	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	35.630.637	35.630.637
	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	92.137.042	—	92.137.042
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Жалдау бойынша міндеттемелер	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	—	—
	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	4.302.185	4.302.185
Өзге де қаржылық міндеттемелер	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	1.254.743	1.254.743
	2025 жылғы 31 желтоқсан	—	—	1.254.743	1.254.743



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

25. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсан	Бағалау күні	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны
Әділ құны ашылатын активтер					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	164.067.242	—	164.067.242
	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	242.586	—	242.586
Қаржы ұйымдарындағы қаражат Клиенттерге берілген кредиттер	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	—	63.356.926	63.356.926
	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	—	2.438.167	2.438.167
Өзге де қаржы активтері					
Әділ құны ашылатын міндеттемелер	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	—	24.454.020	24.454.020
	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	105.256.340	—	105.256.340
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Жалдау бойынша міндеттемелер	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	—	—	—
	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	—	2.448.317	2.448.317
Өзге де қаржылық міндеттемелер	2024 жылғы 31 желтоқсан	—	—	820.810	820.810

2025 және 2024 жылдар ішінде Банк әділ құн бойынша көрсетілген қаржы құралдары үшін әділ құнның иерархиялық моделінің деңгейлері арасында аударымдарды жүзеге асырмады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

25. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Әділ құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін Банктің қаржы құралдары сыныптары бөлінісінде баланстық құн мен әділ құнды салыстыру келтіріледі. Кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәні келтірілмейді.

	2025 жыл			2024 жыл		
	Баланстық құн	Әділ құн	Мойындал маған кіріс/(залал)	Баланстық құн	Әділ құн	Мойындал маған кіріс/(залал)
Қаржы активтері						
Ақша қаражаты және олардың баламалары	196.721.999	196.721.999	—	164.067.242	164.067.242	—
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	250.711	250.711	—	242.586	242.586	—
Клиенттерге берілген кредиттер	39.071.600	41.609.675	2.538.075	61.002.029	63.356.926	2.354.897
Өзге де қаржы активтері	814.722	814.722	—	2.438.167	2.438.167	—
Қаржылық міндеттемелер						
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	35.630.637	35.630.637	—	24.454.020	24.454.020	—
Клиенттердің қаражаты	92.443.257	92.137.042	(306.215)	105.134.341	105.256.340	(121.999)
Жалдау бойынша міндеттемелер	4.302.185	4.302.185	—	2.448.317	2.448.317	—
Өзге де қаржылық міндеттемелер	1.254.743	1.254.743	—	820.810	820.810	—
Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістің жиыны			2.231.860			2.232.898

Бұдан әрі осы қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе қысқа өтеу мерзімі (үш айдан кем) бар қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың баланстық құны шамамен әділ құнға тең болуына жол беріледі. Осы жорамал талап ету бойынша салымдарға және белгіленген өтеу мерзімінсіз жинақ шоттарына да қолданылады.

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері

Кредиттелмейтін құралдардың, клиенттерге кредиттердің, клиенттердің қаражатының, банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының қаражатының, өзге де қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны осындай талаптармен, кредиттік тәуекелмен және өтеу мерзімімен берешек бойынша қазіргі сәтте бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып, болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

Тіркелген мөлшерлемесі және құбылмалы мөлшерлемесі бар қаржы құралдары

Биржада бағаланатын борыштық құралдар жағдайында әділ құн жарияланған нарықтық бағаларға негізделген. Кредиттелмейтін құралдардың, клиенттерге кредиттердің, клиенттердің депозиттерінің, қаржы институттарындағы қаражаттың, банктердің және басқа да қаржы институттарының депозиттерінің, өзге де қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны осындай талаптармен, кредиттік тәуекелмен және өтеу мерзімімен берешек бойынша қазіргі сәтте бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып, ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау арқылы бағаланады. Ағымдағы пайыздық мөлшерлеменің мөлшерін айқындау кезінде Банк ҚРҰБ ресми сайтында жарияланатын қолжетімді ақпаратты пайдаланады.

Негізгі жорамалдардағы өзгерістерге әділ құны бойынша бағаланатын 3-денгейдегі қаржы құралдарының елеулі бақыланбайтын бастапқы деректері мен сезімталдығы

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің әділ құны бойынша бағаланатын 3-денгейдегі қаржы құралдары болмады



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оларды өтеудің күтілетін мерзімдері бөлінісінде активтер мен міндеттемелер берілген. Банктің өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелері туралы ақпарат 24 «Тәуекелдерді басқару» ескертпесінде ашылған.

	2025 жыл			2024 жыл		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	196.721.999		196.721.999	164.067.242		164.067.242
Қаржы ұйымдарындағы қаражат	250.711	—	250.711	242.586	—	242.586
Клиенттерге берілген несиелер	3.419.415	35.652.185	39.071.600	3.360.474	57.641.555	61.002.029
Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер	—	7.353.663	7.353.663	—	6.356.501	6.356.501
Материалдық емес активтер	—	6.039.308	6.039.308	—	5.796.424	5.796.424
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	916.521	—	916.521	—	—	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	—	2.067.515	2.067.515	—	1.024.203	1.024.203
Өзге де активтер	4.419.045	—	4.419.045	4.069.168	703.656	4.772.824
Жиыны	241.379.876	15.460.486	256.840.362	171.739.470	71.522.339	243.261.809
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	35.622.390	8.247	35.630.637	24.445.762	8.258	24.454.020
Клиенттердің қаражаты	89.061.298	3.381.959	92.443.257	97.022.072	8.112.269	105.134.341
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	4.302.185	4.302.185	—	2.448.317	2.448.317
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	—	—	—	301.241	—	301.241
Өзге де міндеттемелер	5.123.694	157.474	5.281.168	4.454.033	102.220	4.556.253
Жиыны	95.776.334	41.880.913	137.657.247	126.223.108	10.579.066	136.894.172
Таза орны	145.603.542	(26.420.427)	119.183.115	45.516.362	60.943.273	106.367.637

Банктің өз міндеттемелерін өтеу қабілеті оның сол уақыт кезеңі ішінде активтердің баламалы сомасын сату мүмкіндігіне негізделеді.

27. Байланысты тараптармен операциялар

ХКЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға» сәйкес бірі екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе едәуір дәрежеде ықпал етуге мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма деген мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны назарға алынады.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге түсе алады. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелердің бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Мемлекетпен байланысты ұйымдармен операциялар

Ресей Федерациясы Ресей Федерациясының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі федералдық агенттігі арқылы Банктің қызметін бақылайды.

Ресей Федерациясы мемлекеттік агенттіктер мен өзге де ұйымдар арқылы кәсіпорындардың едәуір санына (бірлесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталатын) тікелей және жанама түрде бақылайды және елеулі ықпал етеді.

Байланысты тараптармен барлық мәмілелерді Банк өзінің күнделікті қызметі процесінде нарықтық мөлшерлемелер негізінде белгіленген бағалар бойынша жүзеге асырады.




(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

27. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың көлемі, жыл соңындағы сальдо, сондай-ақ бір жыл ішіндегі шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде берілген:

	2025 жыл			
	Бас компания	Бас компанияның жалпы бақылауындағы ұйымдар	Мемлекеттен байланысты кәсіпорындар	Негізгі басқарушы персонал
1 қаңтардағы ақша қаражаты және олардың баламалары	547.554	6.955		
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттарға түсетін түсімдер	15.602.958.231	-	-	-
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттардан төлемдер	(15.615.630.528)	(3.216)	-	-
Бағамдық айырма	12.896.854	315	-	-
31 желтоқсанға арналған ақша қаражаты және олардың баламалары, ККЗ-ға резервті шегергенге дейін	772.111	4.054	-	-
ККЗ резервін шегергенде	(23)	-	-	-
ККЗ резервін шегергендегі 31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары	772.088	4.054	-	-
1 қаңтардағы өзге де активтер	-	-	-	4.263
Жыл ішіндегі түсімдер	339.537.487	-	-	23.528
Жыл ішінде істен шығу	(339.537.487)	-	-	(22.791)
31 желтоқсандағы өзге де активтер	-	-	-	5.000
Банктердің және өзге қаржы ұйымдарының 1 қаңтардағы қаражаты	20.375.923	156.961	-	-
Жыл ішіндегі қаражаттың түсуі	440.537.059	17.253.759	-	-
Жыл ішінде қаражат төлеу	(434.053.275)	(17.134.878)	-	-
Бағамдық айырма	3.784.371	-	-	-
31 желтоқсанға банктердің және өзге қаржы ұйымдарының қаражаты	30.644.078	275.842	-	-
1 қаңтардағы клиенттердің қаражаты	-	-	-	16.248
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттарға түсетін түсімдер	-	-	-	821.793
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттардан төлемдер	-	-	-	(619.772)
Бағамдық айырма	-	-	-	8
Клиенттердің 31 желтоқсандағы қаражаты	-	-	-	218.277
1 қаңтардағы өзге де міндеттемелер	-	-	-	-
Жыл ішіндегі түсімдер	330.469.617	-	-	-
Жыл ішінде істен шығу	(330.469.617)	-	-	-
31 желтоқсандағы өзге де міндеттемелер	-	-	-	-



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

27. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

	2024 жыл			
	Бас компания	Бас компанияның жалпы бақылауындағы ұйымдар	Мемлекетпен байланысты кәсіпорындар	Негізгі басқарушы персонал
1 қаңтардағы ақша қаражаты және олардың баламалары	709.944	262.707	—	—
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттарға түсетін түсімдер	8.308.978.231	—	—	—
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттардан төлемдер	(12.310.455.695)	(281.099)	—	—
Бағамдық айырма	1.315.074	25.347	—	—
31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары, ККЗ резервін шегергенге дейін	547.554	6.955	—	—
ККЗ резервін шегергенде	(17)	—	—	—
ККЗ резервін шегергендегі 31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары	547.537	6.955	—	—
Туынды қаржы активтері	50.947	—	—	—
1 қаңтар	—	—	—	—
Жыл ішіндегі оң қайта бағалау	337.404.238	—	—	—
Жыл ішіндегі теріс қайта бағалау	(337.455.185)	—	—	—
Туынды қаржы активтері	—	—	—	—
31 желтоқсан	—	—	—	—
1 қаңтардағы өзге де активтер	—	—	—	1.281
Жыл ішіндегі түсімдер	170.238.564	—	—	18.410
Жыл ішінде істен шығу	(170.238.564)	—	—	(15.428)
31 желтоқсандағы өзге де активтер	—	—	—	4.263
Банктердің және өзге қаржы ұйымдарының 1 қаңтардағы қаражаты	26.842.745	15.998	—	—
Жыл ішіндегі қаражаттың түсуі	393.267.569	5.706.787	—	—
Жыл ішінде қаражат төлеу	(399.695.324)	(5.565.824)	—	—
Бағамдық айырма	(39.067)	—	—	—
31 желтоқсанға банктердің және өзге қаржы ұйымдарының қаражаты	20.375.923	156.961	—	—
1 қаңтардағы клиенттердің қаражаты	—	—	—	209.811
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттарға түсетін түсімдер	—	—	—	1.214.160
Жыл ішіндегі ағымдағы шоттардан төлемдер	—	—	—	(1.407.722)
Бағамдық айырма	—	—	—	(1)
Клиенттердің 31 желтоқсандағы қаражаты	—	—	—	16.248
1 қаңтардағы туынды қаржылық міндеттемелер	—	—	—	—
Жыл ішіндегі түсімдер	337.489.823	—	—	—
Жыл ішіндегі істен шығулар	(337.489.823)	—	—	—



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

31 желтоқсандағы туынды қаржылық міндеттемелер

1 қаңтардағы өзге де міндеттемелер

Жыл ішіндегі түсімдер	166.804.254	—	—	—
Жыл ішінде істен шығу	(166.804.480)	(410)	—	—
Бағамдық айырма	226	33	—	—
31 желтоқсандағы өзге де міндеттемелер	—	—	—	—

27. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Мемлекетпен байланысты ұйымдармен операциялар (жалғасы)

	2025 жыл				2024 жыл			
	Бас компанияның жалпы бақылауындағы компания	Мемлекетпен байланысты кәсіпорындар	Негізгі басқарушы персонал		Бас компанияның жалпы бақылауындағы компания	Мемлекетпен байланысты кәсіпорындар	Негізгі басқарушы персонал	
Ақша қаражаты және олардың баламалары								
Пайыздық кірістер	5.240.118	—	—	—	4.961.597	—	—	—
	0,5%-20,05%	—	—	—	0,5%-21,0%	—	—	—
Пайыздық мөлшерлемелер	—	—	—	—	—	—	—	—
Туынды қаржы құралдары								
Пайыздық емес (шығыстар)/кірістер	—	—	—	—	(78.791)	—	—	—
Пайыздық мөлшерлемелер	—	—	—	—	7,65-15,0%	—	—	—
Банктердің және өзге де қаржы ұйымдары								
Пайыздық шығыстар	(3.834.392)	—	—	—	(3.029.780)	—	—	—
	17,0%-20,0%	—	—	—	20,0%-23,0%	—	—	—
Пайыздық мөлшерлемелер	—	—	—	—	—	—	—	—
Клиенттердің қаражаты								
Пайыздық шығыстар	—	—	—	(20.683)	—	—	—	(36.997)
Пайыздық мөлшерлемелер	—	—	—	7,7%-15,2%	—	—	—	8,0%-15,2%

7 адамнан тұратын негізгі басқару персоналына сыйақы (2024 жылы – 5 адам):

	2025 жыл	2024 жыл
Жалақы және өзге де қысқа мерзімді төлемдер	564.847	416.882
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	62.955	41.792
Негізгі басқару персоналына сыйақы жиынтығы	627.802	458.674

28. Капиталдың жеткіліктілігі

Банк өзінің қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Банк капиталының жеткіліктілігі Банк қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ белгіленген өзге әдістерден басқа коэффициенттерді пайдалана отырып бақыланады.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк капиталға қатысты заңнамда белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық сақтады.

Банк үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Банктің капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауын және қызметті жүзеге асыру және акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті жоғары кредиттік рейтингті және капиталдың жеткіліктілік нормативтерін қолдауды қамтамасыз етуден тұрады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

Банк өз капиталының құрылымын басқарады және оны жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің экономикалық жағдайлары мен тәуекел сипаттамаларындағы өзгерістер тұрғысынан түзетеді.

ҚРҰБ Банк капиталының деңгейіне қойылатын талаптардың орындалуын белгілейді және бақылайды.

ҚРҰБ белгілеген және 2025 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы талаптарға сәйкес банктер:

- нарықтық тәуекелді және операциялық тәуекелдің сандық шарасын (k1) ескере отырып, кемінде 5,5% мөлшерінде есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелердің, активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің сомасына негізгі капиталдың қатынасы;

28. Капиталдың жеткіліктілігі (жалғасы)

- нарықтық тәуекелді және операциялық тәуекелдің сандық шарасын (k1-2) ескере отырып есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелер, активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасына инвестицияларды шегергендегі 1-деңгейдегі капиталдың қатынасы кемінде 6,5% мөлшерінде;
- нарықтық тәуекелді және операциялық тәуекелдің сандық шарасын (k2) ескере отырып есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелердің, активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің сомасына меншікті капиталдың қатынасы кемінде 8,0% мөлшерінде.

Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің ең төменгі мәндеріне қосымша барлық банктер үшін 2,5% мөлшерінде консервациялық буфердің мәндері белгіленген.

Банктің меншікті капиталы ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген оң айырмашылықтарды шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың және екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептеледі.

Бұдан әрі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Банк капиталын талдау көрсетілген:

	2025 жыл	2024 жыл
1-деңгейдегі капитал	113.141.933	100.571.217
Меншікті капитал	113.141.933	100.571.217
Тәуекелді, шартты және ықтимал міндеттемелерді, операциялық және нарықтық тәуекелді ескере отырып мөлшерленген барлық нормативтік активтер	109.782.475	115.825.968
k1 коэффициенті	103,1%	86,8%
k1-2 коэффициенті	103,1%	86,8%
k2 коэффициенті	103,1%	86,8%

29. ESG - ашу

2025 жылы Банк Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына сәйкес орнықты дамудың халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ESG) есептілікті бейімдеуді бастады.

Қазіргі уақытта ESG саласында негізгі бағыттар әзірленіп, енгізілуде:

- Экологиялық тұрақтылық
- Әлеуметтік жауапкершілік (корпоративтік мәдениет, қызметкерлердің құқықтарын қорғау, әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру бағдарламалары).
- Корпоративтік басқару (бизнестің ашықтығы, тәуекелдерді басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

30. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін есепті күннен кейінгі оқиғалар анықталған жоқ.

